Ғалым А.Қыраубайқызының айтуынша: «...XIX-XX ғасырдың басында Қазан, Тәшкент қалаларынан сан рет қайталанып басылып шығып, ел арасына кеңінен танымал болған» шығарма (Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары, 1964: 160). Ал ғалым Ә.Наджип: «Одним из ценных памятников тюркоязычной литературы и языка, созданный в Средней Азии в начале XIV века, является «Кысас-и Рабгузи», обычно называемое по содержанию «Кысас-аль Анбия» (Сказания о пророках)», - деп туындыны түркі тілі мен әдебиетінің тарихынан мол мағұлмат беретін аса бағалы әрі тілдік, әрі әдеби ескерткіш ретінде көрсетеді. Еңбектің қолжазба және баспада басылған кітаби үлгілерінің Еділ бойында, Оралда, Орта Азияда өте кең тараған шығарма екенін айтады. Сонымен бірге еңбектің көптеп қайта басылып отырғанын және оны ең алғаш рет Н.И.Ильминскийдің Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан кітаптың толық мәтінін бастырып шығарғанын айта отырып, еңбектің Ресей Ғылым Академиясының шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімшесі кітапханасында сақталған және Лондон көшірмелерінің өте құнды екендігін атап айтады (Наджип, 2007: 128).

Шығарма кеңес дәуірінің өзінде-ақ қазақ тілі мен әдебиеті тарихына арналған пәндерде оқытыла бастады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанына айналды. Ғалым Б.Кенжебаев оның қазақ әдебиетіне қатыстылығы жөнінде ғылыми еңбектер жазды. Ғалымның шәкірті А.Қыраубаева ескерткішті жеке ғылыми-зерттеу нысаны ретінде алып ізденіс жұмыстарын жүргізді. Кандидаттық диссертациясын қорғады. «Ғасырлар мұрасы» атты зерттеу еңбектерін берді. Ғалымның кейінгі шыққан үш томдық зерттеу еңбектерінде де «Қисас-ул анбия» үлкен орын алады. Кеңес дәуірінде тіл, әдебиет тарихына қатысты еңбектерде, хрестоматиялық жинақтарда



жарияланып келген туынды кейінгі кезде қазіргі қазақ тілінде жеке кітап болып басыла бастады. Рабғузи. Қисса-сул-әнбийя-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін. Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова. – Алматы: «Санат», 2001. -248 бет (Рабғузи, 2001); Рабғузи Насреддин. Қисас-ул әнбия. Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы. –Астана: Фолиант, 2008, -552 бет (Рабғузи, 2008) секілді басылымдар бүгінгі оқырман қауымға жақсы таныс. Бұл басылымдар көне жәдігердің қайта жаңғырып, өз орнын қайта тауып айналымға енуін көрсетеді.

Алғашқы нұсқа шағын алғысөзбен берілген. Онда бұл еңбектің 1903 жылы Қазанда Кәримовтар баспасында басылған. Нұсқадан қазіргі қазақ тіліне аударылғаны сөз болады. Көлемі де ғалым Ә.Наджиптің «Жазба ескерткіш үлкен қағазды (форматты) әр бетте 23 жолдан берілген 555 беттен тұрады (Наджип, 2007: 126) дегеніндей емес, шағындау. Соған қарағанда, 1903 жылы басылып шыққан нұсқаның өзі көлемі тұрғысынан шағындау болғаны көрінеді. Шығарма «Жеті қат көктің сипаты», «Жеті қат жердің сипаты», «Періштелер, жындар және адамдар жайында» секілді кейінгі нұсқада жоқ шағын тараушалармен басталады. Бұл тақырыптағы шығармаларда, әдетте, Мұхаммет Пайғамбар оқиғаларының соңына оның ұрпақтары, әсіресе жастай опат болған Хасан, Хусейін оқиғалары қоса беріліп отырған. Ал мына нұсқа тек Мұхаммет Пайғамбар оқиғаларымен аяқталады. Алғысөзде «Қисасу-л-әнбияда» жетпіс екі пайғамбардың өмір тарихы сөз болады. Бірақ бұл кітапқа тек жиырма төрт пайғамбар оқиғасы енгенін айтады. Сондай-ақ кітапты шығарушылар Мәтржам дамолла, Ғабдулғұлам хазірет, Шарифиддин молла кітапқа жазған алғысөздерінде: «Қисас-ул-әнбия» кітабы Рабғузи жазбаларынан тәржімаланып отыр. Кітапқа енбей қалған пайғамбарлар тарихын біз Қазы тәпсірі мен Жәлелин тәпсіріне мұражағат (сүйеніп) бұ екі тәпсірде болмағанын Нәзһәтул мүжәліс кітабынан алып «Һарот уа марут» қиссасын және Дәуіт ғалайһи уәссәләм қиссасымен моғол тілінен тәржімалап, мүмкіндігімізше толықтыруға еңбек еттік», - деуі көп жайдан хабар береді (Рабғузи, 2001: 3). Тағы бір айта кететін жағдай Насреддин Рабғузидің өз еңбегіне жазған алғысөзі кейінгі екі басылымға енбеген. Себебі алғашқы басылымға кітап бастырушылар тарапынан алғысөз жазылғаны айтылды. Оның үстіне бұл еңбекті ғылыми жабдықтауды ниет етпей тек мәтінін бүгінгі қазақ оқырманына жеткізуді мұрат тұтқан, Мәдениет министрлігі тарапынан шығарылған еңбек.

Екінші нұсқа «Сырдария кітапханасы» деген айдармен жарияланған еңбектер қатарында Қызылорда облысы әкімдігінің тарапынан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесі ұсынысымен шығарылған. Ең бірінші айтылуға тиіс мәселе нұсқаның толымдылығы. Ғалым Ә.Наджиб айтқан деңгейге пара-пар бес жүз елу екі бет көлемде шыққан. Он беттік көлемдегі ғылыми алғысөзбен берілген. Онда шығарма, оның авторы және нұсқалары жөнінде сөз болады. Сонымен бірге, нұсқаның 529-547 беттері аралығын қамтыған «Түсініктермен» (Құран Кәрімде аталатын есімдер мен оқиғалар) жабдықталған.

Қазақ әдебиеті тарихының Алтын Орда дәуіріндегі өркениетінен, Ұлы Ұлыстың түркілік жазба әдебиетінің даму деңгейінен хабар беретін аса құнды, діни, әдеби жәдігердің көлемді кітап болып басылып шығуы көңіл қуантады. Әйтсе де, бірді-екілі мәселені айта кету керек секілді.

Алдымен, мұқабаның ішкі бетінде «Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы» деген анықтама берілген. Орта ғасыр және Алтын Орда ескерткіштері тіліне қатысты «түрки», «шағатай» секілді терминдер ғылымда көптен бері қолданылып келеді. Тілші ғалымдарымыз өзара өте қатты айырмашылықтары болмаса да ажыратып ескі әдеби ескерткіштерді тілдік тұрғыдан жіктеп, топтап, қай ескерткіш қай тілге көбірек қатысты деген мәселеде жұмыс жасап келеді. Сонымен бірге, әр тілді іштей тағы да «қыпшақ», «оғыз», «қыпшақ-оғыз», «қарлұқ», «ұйғыр-қарлұқ» деп жіктеп жатады. Ғалым А.Қыраубайқызы Насыраддин Рабғузи жөнінде: «... Араб-парсы тілдерінде жазылған... мәтіндерді түркі тілінде сөйлеткен, оларды негізге ала отырып, түрікше нұсқасын жасаған білімпаз», - деген өзінің ғалымдық бағасын береді (Қыраубайқызы, 2001: 161). Осы жағдайлардың бәрі, тілші, әдебиетші ғалымдар еңбегі ескерілмей «араб тілінен аударған» деп берулері қолайсыз.

Екінші айтылар жайт: кітап Астана қаласында басылса да Қызылорда облысы тарапынан шығып отыр. Сөйте тұра, Қызылорда топырағының перзенті ғалым А.Қыраубайқызының есімі ілтипатқа алынбаған, нақ осы әдеби жәдігер жайлы жазған еңбектері назардан тыс қалған. Ғалымның әлденеше дүркін қайта басылған «Ежелгі әдебиет» атты оқу құралы, осы әдеби жәдігерге тікелей қатысты «Ғасырлар мұрасы», бүкіл шығармашылық ұстанымы осы кезеңге қатысты томдық еңбектері аталып айтылмауы тым олқылықты көрсетеді. Жалпы ескерткішке, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлеріне

қатысты еңбектер жазған өзге ғалымдардың, мысалы, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов т.б. аттары аталып көрсетілуі керек-ақ еді.

Үшінші, «Алғысөзде»: «Діни бағытта жазылған әдеби мұраның мақсаты ізгі, мұраты биік. Аса рақымды Жаратушының 18 мың ғаламды қалай және не үшін жаратқаны, мүбәрак нұр иесі Адам Атадан бастап пайғамбарлардың сәруары атанған Хазіреті Мұхаммед с.ғ.с.-ға дейінгі аралықтағы көптеген пайғамбарлардың өз қауымы мен жұрты үшін атқарған игі істері жүйелі түрде тарқатылып, әсерлі баяндалып отырады. Шығармадағы әрбір хикая - әдеби көркем туынды», - деген пікір бар. Онда діни таным тұрғысынан үлкен қателік жіберілген. Қателік – «Мүбәрак Нұрға» қатысты. Дін ислам қағидасында бұл нұр тек Мұхаммед Пайғамбарға тиесілі. Алла Тағала солай шешкен іс. Бұл туралы Шәді Жәңгірұлы «Назым Сияр Шәриф», «Ибраһим пайғамбардың хикаяты» секілді еңбектерінде арнайы жырлаған.

Әләмнан он сегіз мың әууәл бұрын,  
Жаратты пайғамбардың Алла нұрын...

Аспан-жер, ғаршы-күрсі, ләухі кәлам,  
Сүдрә мен жәннат, дозақ бәрі тәмам.  
Ол нұрдың себебінен пайда болды,  
Жаралған он сегіз мың күллі әләм, - (Шәді төре, 1999: 3)

деп діни, кітаби ақын Мұхаммет Пайғамбар нұры туралы анық, нақты жырлаған. Сол нұрды Алла Тағаланың Адам Атаның маңдайына қойғаны және оның ұрпақтан-ұрпаққа жылжып отырғаны туралы айтады. Бұл мәселе осы айтылып отырған кітаптың өзінде де солай делінеді. Алғысөзден соң берілген негізгі мәтін он төртінші беттен басталады. Бірінші шағын тарауша «Адам Әлейһиссаламның жаратылысы» аталады. Тарауша «Алла Тағала Мұхаммед салли аллаһу әлейһис уа саламның толысқан нұрын құдірет қолына алды», - деген сөйлеммен басталады. Мұнда әрі анық, әрі нақты «Мұхаммед Пайғамбардың нұры» деп айтылып тұр. Сол секілді кітаптың он сегізінші бетіндегі «Адам Әлейһиссаламның денесіне рух енгізудің оқиғасы» тарауында Алла Тағаланың Адам Әлейһиссаламның денесін жасап бітіргеннен кейінгі оқиғалар сөз болады. Рух Адам Әлейһиссаламның тәніне енуден қорыққан сәтте: «...Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның нұрын әкеп, оның маңдайына қойды. Тән

нұрланып кетті. Рух қуанышпен тәннің ішіне кіріп кетті. Ғарыш пен Күрсіні, Лаух пен Қаламды топырақ дененің ішінде көрді. Рух Адамның көзіне келген уақытта назары Ғарышқа түсті. Көрді: «Лә иләһа иллалла Мухамадан Расулалла» деп жазулы тұр. Бұларды көріп қайран қалды», - деп беріледі. Мұнда да Нұрдың тек Мұхаммед Пайғамбардың нұры екендігі анық айтылып тұр (Рабғузи, 2008: 14-18).

Ғалым А.Қыраубайқызы: «Сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан түзілген сөз оқуға, үйренуге жеңіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, тәңірден тауфық тілеп, кітап бастадым», - дегеніне қарағанда, өз заманындағы білікті кісі болғандығын танимыз», - деп алғысөз арқылы автор туралы ой түйеді (Қыраубайқызы, 2001: 160). Ал, ғалым Ә.Наджип: «Автордың алғысөзінен көрініп тұрғанындай, ол бұл кітапты жергілікті әмірші Тоқбұғаның өтініші бойынша жазған. Әміршінің айтуы бойынша, бұл тақырыпта орындалған жұмыс көп. Бірақ олар кісі қанағаттанарлық дәрежеде емес. Сондықтан да пайғамбарлар тарихынан толыққанды Кітап жазылуы қажет-ақ. Осы бектің өтініші бойынша Қаршы қаласының қазысы ... 709 жылы Насыр Бурхан-ад-Дин ... осы кітапты жазуға кіріседі. ...жыл бойы жұмыс жасап 710 жылы кітапты аяқтайды» (Наджип, 2007: 128).

Екі ғалымның «Рабғузи қиссаларына» жазған алғысөзі жөніндегі пікірлерін беріп отырған себебіміз: барынша толық көлемді болып басылып шыққан кейінгі нұсқаны салихалы ғылыми алғысөзбен, толыққанды ғылыми түсініктермен жабдықтап, ең бастысы шығарма авторы Насраддин Рабғузидің өзі жазған алғысөзді сол қалпы жариялау қажет еді. Бұл - қазақ әдебиеті тарихының өткен дәуірлерін түгендеп, кемістігін толтырып жатқан бүгінгі уақыт қажеттілігі. Кітаптың сол дәуірдегі алғашқы келбетінде бүгінгі ұрпақпен қауышуы үшін автордың мұсылман әлемі ақын, жазушы, ғалымдары сопылық ілім дәстүрінде алғысөз алдында жазған Алла Тағаланы мадақтаған, Мұхаммед Пайғамбарды ұлықтаған, оның төрт шариярын дәріптеген дәстүрлі мадақ жолдары да міндетті түрде бүгінгі басылымда өз орнында тұрғаны еңбектің құндылығын арттырар еді. Осы тұрғыдан алғанда, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен басылым көрген 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының сегізінші томында жарияланған Рабғузи қиссаларындағы нұсқасын ерекше атап айтуымыз қажет. Жарияланып отырған нұсқа «алғысөзбен», «ғылыми түсініктемелермен» жабдықталған. Шығыстанушы К.Гренбектің Лондон нұсқасының көшірмесін (факсимилесін) жариялауы (1948 ж)

«Қиссас-ул әнбияның» жариялануы мен зерттелуі мәселесінде үлкен қозғалыс әкелгені аңғарылады. Соның негізінде Өзбекстан мен Түркияда да басылып шыққан. Басылым көріп отырған бұл кітап та Лондон нұсқасының негізінде дайындалған.

«Қиссас-ул әнбияның» кітап болып басылып отырған бұл нұсқасы қазақ тілінде басылып шыққан алғашқы екі нұсқадан көп өзгеше. Кітап авторы Насыруддин Бурхануддин Рабғузидің алғашқы екі басылымда жоқ «алғысөзі» мұнда өз орнында сақталып берілген. Бұл да нұсқаның өзіндік табысы деуге болады. Бұлай дейтін себебіміз: Рабғузидің осы еңбекті жазуына себеп болған жайт әр жерде әр түрлі айтылып келеді. Мысалы, ғалым А.Қыраубайқызы мен ғалым Ө.Наджиптиң пікірлерімен автор алғысөзінің арасында айырмашылық байқалады: «Тарих жүз елуге кірген алғашқы жылдары хат-хабар тасушы жетіп: «Пайғамбарлар қиссасына шексіз ықыласым бар. Әр жерде кейбірі тура, кейбірі қате, біразы анық, біразы шала, бірінің сөзі аз, енді бірінің мақсаты қысқа екені баршға белгілі. Енді сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан дүниеге келген, сенің кітабың, сенің туындың болған бізге «Қисас-ул әнбия» болса, оқуға керек үйренбекке ыңғайлы болар еді» деген ұсыныс тілек болды. Өзімді қаншалықты бұл іске әлсіз, мұндай амалға лайық еместігімді жақсы білсем де, өзімді зорлап, уақыт болсын деп бұл ауыр іске қол ұрдым. Алла Тағаладан соңына дейін медет сұрап, кітапты бастадық. Мұндағы мақсат пайғамбарлар қиссасы еді, алайда Адам (ата)нан бұрынырақ жаратылған (заттар) бар болғандықтан, содан бастауымыздың пайдасы артығырақ болсын деп, тәртіп бойынша жаратылғаннан басстадық. Іздегенге оңай, тілекшіге сүйеніш болсын деп «Қисаси әр-Рабғузи» (деп) ат қойдық...». Демек, бұған дейін жарияланған мәтіндер мен ғылыми еңбектерде шығарманың жазылуы жөнінде айтылған талдауларында осындай қайшылықтар бар. Соңғы мәтін кейінгі зерттеу еңбектеріне дұрыс бағыт береді. Сол секілді бұл нұсқада алғашқы екі нұсқада жоқ мына мәселелерді атап айтқан жөн:

1. «Алғысөзде» автор тарапынан арнайы берілген, діни сопылық шығармаларға тән Мұхаммед Пайғамбарға арналған мадақ алдымен, қара сөзбен өріліп, соңы жырға айналады:

«Мадақ пен тахият, салауат пен ғибадат әділ сөзді, сұлу жүзді, «Ләәмрукә» («Сенің өміріңмен ант етемін») тәжді (тәжін кигенге), «Ләу ләкә ләмә халақту әл-әфләк» («Егер сен болмағаныңда, әлемді жаратпаған болар едім») сыйлы, «Субхәнә әлләзи әсра» («(Оны) түнде

алып жүрген сол Алла пәк») миғражды (болған Мұхаммед (ғ.с.) ға болсын).

Ол (Мұхаммед пайғамбар) – өзі мойынсұнғыш, зікірі мәртебелі, үмметіне шапағатшы «Уаллаһу йә'симукә мин ән-нәс» («Және Алла сені адамдардан сақтайды») хош иісті, «Уә иннәкә лә' әлә хулуқин 'әзимин» («Әрине, сен ұлы мінезді адамсың») мінез-құлықты, «Лә тәмши фил әрзи мәрахан» («Сен жерде керіліп жүрме») жүруші, «Уә изә сәләкә 'ибәди әнни фә инни қариб» («Және егер пенделерім сенен мені сұраса, мен өте жақынмын») деуші, «Уә әммәс-сәилә фә лә тәнхәр» («Және алайда қайыршыға жекіме») қаһарлы, «Мә зәғәл бәсру уә мә тәғә» («Көз тоймады және шектен аспады») жігерлі, «Уә кәнә қабә қаусәйни әу 'әднә» («Екі жебе аралығындай жақындады немесе одан да жақынырақ») көтерілуші, «Уә ләсәуфә йу'тикә раббукә фәтәрза» («Және тез уақытта жаратушың берер саған және сен одан разы боларсың») шапағатшы, «Әт-тәибунә уә әл-'әбидунә уә әл-хәмидунә» («Олар тәубе етушілер, құлшылық қылушылар және шүкір етушілер») үмметті, «Уә мин әл-ләйли фәтәхәжжәд биһи нәфиләтән» («Түннің бір жартысында Құранмен (оқумен) ояу отыр, (бұл) саған нәпіл») намазды, «Фә әухә илә 'әбдиһи мә әухә» («Алла пендесіне айтқан сырын айтты немесе берген уахиын берді») сырлы, «Лә ухси сәнәән 'әләйкә» («Саған деген мадақты айтып тауыса алмаймын») жалынышты, «Қум әл-ләйлә иллә қалилән» («Түнімен тұрып тұр (намаз оқы), тек аз бөлімінде») тұрушы, «Лииләфи қурайшин» («Жақындастырмақ үшін Құрайыш (тайпасын)» туысты, «Әс-сабиринә әс-садиқин» («Сабырлылар мен шынайы берілгендер...») қолдаулы, «Уә жи'нә бикә әлә хәуләи шәһидән» («Біз сені оларға куә етіп жібердік») айғақты, «'Әсә ән йәб'әсәкә раббукә» («Мүмкін, саған жаратушың жіберер (ұлы мақамды)» бақытты, «Әләйсә Аллаһу бикәфин 'әбдуһу» («Алла пендесіне кепілдік етуші емес пе?!») ілтипат етуші, «Уә иннәкә ләтәһди илә сиратин мустақимин» («Әрине, Сен тура жолға бастайсың») тура жолға жетелеуші, «Шәһру рамазән әлләзи унзилә фиһи әл-Қурәнү» («Рамазан айы сондай бір ай, ол айда Құран түсірілген») аятты, «Иқтәрабәту әс-сә'әту уә ән-ншәққә әл-қәмәру» («Қиямет жақындады және ай екіге бөлінді») ишаратты, «Иннә әрсәлнәкә шәһидән уә мубәшширән» («Әрине, біз сені куәлік беруші және сүйіншілеуші үшін жібердік») сүйіншілеуші, пайғамбарлар туысы, сопылар жетекшісі МҰХАММЕД МҰСТАФА (с.ғ.с.).

Дін шариғат амалын биік қылған Мұстафа,  
Күпір, зұлмат тауларын жерге көмген Мұстафа.  
Ол ата-анасын арттырып үммет үшін,  
Жалынып Хақтан шапағат сұрап алған Мұстафа.  
Қауымы назын көтере алмай көкке ұшқан Иса ол,  
Үмметіне болысып жерде қалған Мұстафа.  
Ол жиырма үш жыл еңбектеніп, көрмеді күні-күн ұйқысын,  
Күнәһар үммет күнәсін Хақтан сұраған Мұстафа.  
Ол қиямет күнінде, шапағат қаруын бойға асып,  
Жалбарына тұрып, жалына күнәлі болған Мұстафа.  
Елшілер миғраж түнінде Бәйт Макдісқа келіп,  
Әр шапағат өтерде басшы болған Мұстафа.  
Түсер екен Мұстафаны қолынан тұтып Жебірейіл,  
Жоқтағанда Жебірейілді жолға салған Мұстафа, -

Осылайша жырланған мадақ жыры «Төрт досыңа, тоғыз әйеліңе, екі немере ағаңа, бақыт иесі һәм жәннәт тұрғыны болған ұлдарыңа жалынды сәлем болсын. «Уәсәллиму тәслимән кәсиран» деген игі тілекпен аяқталады.

2. Ғылыми еңбектерде «Рабғузи бұл еңбекті Тоқбұға бекке арнап жазды» деп жүргеніндей сол әміршіге арналған мадаққа ұласады:

«Әммә бә'д (сонымен), бұл кітапты жазған, құлшылық жолында төзген, күнәһарлық даласын кезген, азығы жоқ, күнәсі көп Рабат оғызының қазысы Бұрхан ұлы Насируддин ұрпағы, (Сатараллаһу 'әләйһи әссәләмәтә уә рахимә шиябәһу) былай дейді. (Әжәлл ут-таж ул-'умара уә мухиббул-'улама)бектер ұрпағы, жігіттер сардары, ұлы атты, құтты затты, ізгі мінезді, ислам сауытты, моғол текті, мұсылман дінді, адамзат сүйеніші, мүміндер қуанышы, беделі ұлы, ақылы теңіз бегіміз Насируддин Тоқбұға саббатуллаһу 'әлә динил-исләм уә сәләмуһу.

Насируддин Тоқбұға бектің мадағы:

Дұрыс арман, тура қылық,  
Пәк, таза шектен аса  
Көктен ұлырақ беделі.  
Мұрасы бектік дінінде,  
Сұрар оны ұстап жаға,  
Қуанышы ақырет мүлкі.  
Әсілі моғол екен текті,

Ислам үшін тұтты жаға,  
Болды Расулдың үмметі.  
Құлшылық етер түн-күндізі,  
Алар сабақ мұсхафқа қарап,  
Құран оқу әдеті.  
Тәспі тартарда қуанып,  
Инжу болар жасы ағып,  
Есітілсе Құран аяты.  
Еретін шексіз барша,  
Тура сөйлер сөзді ұға,  
Артық қажетті жолы.  
Раббыдан сый болып оған,  
Хақ береді құтты баға,  
Көрікті сұлу бейнесі.  
Ізгі амалмен жүріп,  
Дос қызығар, дұшпан қарап,  
Артар баршадан құрметі.  
Күндіз оқыр, түнде тұрар,  
Құлшылық етер кірер мешітке,  
Арыстан жүзді сәулеті.  
Жасы кіші, жолы ұлы,  
Заты анық бек Тоқбұға  
Ол Насируддин көनियाсы.  
Ел билесін, жүз жасасын,  
Болып бағынышты Жаратушысына,  
Бұдан артар жақындығы.

Тоқбұға бекке арналған бұл мадақ жыры да дәуір тынысын аңдататын және өзге еңбектерде де көп жырланған әділ ел басшысы – ел бақыты идеясымен сабақтасып жатқан дәстүрлі стиль өрнегі.

3. Соңғы нұсқаның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – мәтінді ғылыми дәлдікпен беруге барынша тырысушылық. Бұлай деуге себеп – мәтін ішіндегі арабша сөздер мен сөйлемдер сол қалпы беріліп, жақшаның ішіне оның қазақ тіліндегі аудармасы қатар көрсетіледі. Мысалы, «Кіріспе» соңындағы мына жолдарды айтуға болады: «Уаллаһуәл-муәффақуәл-итмәмәуәһуәуәлийуәл-ин'әмуәәл-икрам». Қалә Расулуллаһи саллаллаһу 'әләйһи уә сәлләм: кунту кәнзән хафийәнфәхәләқтухәлқа» («Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Алла: Мен бір жасырынған қазына едім, мені танысын деп халықты жараттым»



деген», – деді»). Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) айтты: Хақ Сұбханууә Тағала былай деп жарлық етті: Мен бір жасырын қазына едім, менің Тәңірлігімді білуші ешкім жоқ еді, менен пайда алсын деп болмысты жараттым. Мен олардан пайда алайын деп жаратпадым.

Рабғузи қиссаларына соңғы кезде қазақ әдебиеттану ілімінде үлкен қызығушылықтың болып отырғаны анық. Шығарманың 2004 жылы басылып шыққан Р.Мұқанова нұсқасы да оқырмандар талабымен қайта басылып жатуы, сол секілді Қызылорда облысында «Сырдария кітапханасы» кітаптарының құрамында жеке кітап болып басылған туындының Оңтүстік Қазақстан облысы тарапынан да қайта басылуы осы жайларға дәлел болады.

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуірінің өзгеше бір сипатта дамыған жазба әдебиетінің нәзиралық-аудармалық бір үлгісі болған «Қиссас-ул әнбияның» дүркін-дүркін қайта жариялануы, ғалымдар тарапынан заман талабына сай қайта қаралып жатуы еңбектің көне әдеби жәдігер ретіндегі құндылығын көрсетеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

Маллаев, Н.М. (1963). *История узбекской литературы с древнейших времен до XVII века*, Ташкент, 180 б.

Әуезов, М. (1959). *Әр жылдар ойлары*. Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 556 б.

Қыраубаева, А. (1988). *Ғасырлар мұрасы*. Алматы, Мектеп, 163 б.

*Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары*. Алматы, Жазушы, 87 б.

Наджиб, Э. Н. (2007). *Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур*, Түркістан, Тұран, 268 б.

Рабғузи, (2001). *Қисса-сул-әнбия-й. Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін*, (Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова), Алматы, Санат, 248 б.

Рабғузи, Насреддин (2008). *Қисас-ул әнбия*, Араб тілінен аударған Әшім Әріпбайұлы, Астана, Фолиант, 552 б.

Қыраубайқызы, А. (2001). *Ежелгі әдебиет*, Астана, Елорда, 224 б.

Шәді төре, (1999). *Ибраһим Пайғамбардың хикаяты*, Алматы, Қазақстан, 88 б.

#### Резюме

В истории казахской литературы книжная поэтика и ее основная творческая традиция - назира развивалась и осваивалась вместе с формированием исламской цивилизации в тюркском народе в конце эпохи Золотой Орды, как государственного духа великого Улуса. Последующая стадия книжной литературы родилась заново и расцвела как духовное оружие против русской колонизации, как религиозная, литературная, общечеловеческая, по сегодняшним меркам, как религиозное и образовательное движение во второй половине XIX века. Подавляющее большинство литературных памятников Золотой Орды, которые рассматриваются в современной истории казахской литературы, также являются религиозными произведениями. Например, такие произведения, как «Кисса Жусип»,

«Кисасу-л-анбия», «Жумжума», «Нахжу-л-Фарадис». В данной статье анализируются образцы литературного наследия «Кисасу-л-анбия» в казахской литературе.

**Ключевые слова:** Литературные памятники Золотой Орды, «Кисасу-л-анбия», книжная литература, книжный поэт, традиционная письменная литература.  
**(Ергөбек С. Образцы публикации литературного памятника Золотой Орды – кисса Рабгузи)**

### Özet

Bu çalışmada, Kazak Edebiyatı tarihinin Altın Ordu döneminde, Türklerin İslam uygarlığını geliştirmesi ile ozanlık geleneği ve kültürünün gelişimi ele alınmaktadır. Yazılı edebiyatın sonraki aşaması yeniden doğmuş ve Rus kolonizasyonuna karşı manevi bir silah olarak bugünün standartlarına göre 19. yüzyılın ikinci yarısında dini ve eğitimsel bir hareket olarak gelişmiştir. Modern Kazak edebiyatı tarihinde kabul edilen Altın Ordu edebiyat eserlerinin büyük çoğunluğu da dini eserlerdir. Örneğin, Kıssa-i Cusip, Kısasü'l-Enbiya, Cümcüme, Nehcü'l-Ferâdis vb. Bu makalede, Kazak edebiyatında Kısasü'l-Enbiya'nın örnekleri incelenmektedir.

**Anahtar kelimeler:** Altın Ordu edebi anıtları, «Kısasü'l-Enbiya», yazılı edebiyat, kitabî şair, geleneksel yazılı edebiyat.  
**(Ergöbek S., Altın Ordu Edebi Eseri Rabguzi Kıssaları'nın Yayın Örnekleri)**

**МАҢДАРДЫҢ «МОҢҒОЛҒА» АЙНАЛУ ТАРИХЫ**  
**(Тарихи-этносоциологиялық сараптама)**  
**THE HISTORY OF THE FORMATION OF MANG TO THE MONGOLS**  
**(Ethnosociology expert)**

Оразбек НҰСҚАБАЕВ\*

**Түйіндеме**

ДНК – генеологиялық сараптаулар арғы түрк текті халықтардың этногенездік түзілімінің тым тереңде жатқандығын дәйекті дәлелдермен негіздеп берді. Сол арғы түрк текті түзілімдердің қатарында Маң қауымдастығы да аталады.

Маңдар әу бастан-ақ жаугершілікке бейім, сотқар, аяушылығы аз, қатыгез әрі соғысқұмар жауынгер жұрт ретінде көрінген. Олар жаулап алған өңірлерінде ондаған мемлекеттердің құрылуына ұйытқы болған. Сондай мемлекеттердің бірі ретінде, көнеқытайлық дерек көздерінде, ж.с.д. XXIV–XXIII ғғ. маңдар құрған Ngui-go-ның (Ноғай мемлекетінің) аты аталады. Сол мемлекеттің құрамында болған орман халықтарының бірі – мәнжүрлер маңдарды «маң қолы» деп атап кеткен көрінеді. Олардың мұнысы «маң әскері» дегендері сияқты. Себебі мәнжүрлер тілінде «қол» түсінігі «әскер» деген ұғымды білдірген. Сонымен қатар мәнжүрлер маңдарды «маңғыт» деп те атаған. Олардың бұнысы «маң» этнониміне өз тілдеріндегі көптік жалғауы «-т» жұрнағын жалғау арқылы «маңдардың көп екендіктерін» білдіргендері екен.

Осыған байланысты мақалада арғы түрк текті түзілімдегі «Маң» этникалық қауымдастығының орны мен рөлі, ж.с.д. XXIV–XXIII ғғ. маңдар құрған Ngui-go (Ноғай мемлекеті), оның болмысы, өңірлік кеңістігі, мемлекет құрамындағы мәнжүрлердің маңдарды «маң қолы» атауы, «маңғыт» аталымының маңның көпшесі екендігі, кейіндеу келе «маң қолының» «моңғол» этнониміне нендей себептермен, қандай жағдайда айналғандығының тарихы сараланады.

**Кілт сөздер:** Түрк, түзілім, маң, нохой (ноғай), маң қолы (маң әскері), моңғол.

**Summary**

The genealogical analysis of DNA is based on consistent evidence that the ethnogenesis of the Turkic race is deeply rooted. And one of the ancient Turkic generations is called the Mang society, which was formed. Initially the Mang were a military, persistent, ruthless and cruel nation. They conquered the lands of ten formed states and created cohesion.

---

\* Социология ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Doctor of sociological sciences, Professor, International K.A. Yassawi Kazakh-Turkish University, Turkestan-Kazakhstan. E-mail: [oraz-bek1@mail.ru](mailto:oraz-bek1@mail.ru)

According to ancient Chinese sources in the XXIV-XXIII centuries B.C. one of these countries also named (Nogai State) Ngui-don was created by Manga. At that time the Manchu people called the Mangos "Hand of Mang" and it was the creator of the forest people from that state. This means the type of "warrior Mang", because in the Manjur language, "hand" meant the "warrior." In addition, Manchu people were even called Mangos as "Mangut". With the help of the ending "-t" in the ethnonym of their language they wanted to express that "there are a lot of mans".

Thus, the role and place of the ethnic community "Mang" in the deep-historical Turkic formation (Nogai state) Ngui-do created by Mang in the XXIV-XXIII centuries BC, its reality, living space, name "Mankura mangus in the state, that Mangut is a significant Manga, as well as the reasons and in which case the ethnonym "Mankola" became "mool" were analyzed in this article.

**Key words:** Turk, formation, Mang, Nokhoi (nogai), hand of Mang (warrior mang), Mongol.

### 1.1 Маңдар туралы тарихи жазбалар

Маң жұрты, әлемдік тарихнамада, табиғи-тарихи тұрғыда ұйысқан алғашқы ұлыстық қауымдастықтардың бірі ретінде аталады. Маңдар ең алғашында Хорезм өлкесінің етегін ала, Каспий теңізін бойлай, Арал теңізі маңында, Ембі, Жайық және Еділ өзендерінің төменгі ағыстарында өмір сүрген. Оған осы өңірлердің жер-су атаулары куәлік етеді. Мысалы, Маңғыстау, Отман тауы, Маната қыраты, Маңбұлақ, Маңсу, Маңсай, «Маңдардан шыққан 362 әулиелер мекені», Жайық пен Еділ өзендері аймағындағы «Сарман», «Ақман», «Елман» тұрақтары, т.с.с.

Маңдармен қатарласа мекендеген өзге жұрттар жер бетіндегі тірі нәрсенің барлығын жаратушы «күн» деп ұғынған, күнге табынған, ал маңдар күнге табынумен қатар, «айды» құдірет тұтқан, айға да табынған. Оның дәлелі күллі түріктекті халықтарға сіңісіп кеткен маң ұрпақтары әлі күнге жаңа ай туғанда, айға қарап қолдарын жайып «ай көрдім, аман көрдім, баяғыдай заман көрдім, ескі айда есіркедің, жаңа ай жарылқай гөр» деп бата жасап, жақсы тілек тілейтіндігін байқауға болады.

Маңдар ел билеушілерін «ағаман» (ақаман) деп атаған. Мысалы, маң билеушілерінің ізбасарлары тіккен Ноғай Ордасы халқының ұрпақтары (кіші жүз жұрты) әлі күнге дейін елге сыйлы кісіні көтермелеп «Пәленше Аха» деп құрметпен атайды.

Маңдар алғашында жаугершілік жорықтарға бейім айбынды далалық бірлестіктер қатарында бой көрсеткен. Келе-келе олар өздерінің жауынгерлік және ұйымдастырушылық қабілеттеріне қарай жоғары билікті қолдарына шоғырландырған. Бұрынғы одақ атауын

өзгертіп, оны іш ғұз (сақ-скиф) атандырған. «Іш ғұз бірлестігінің түзіліміне маң тайпасы көсемдері ұйтқылық жасаған» (Бейсенбайұлы, 2006: 11). Іш ғұздың скиф атануын, қазіргі лингвистика ғылымы, көне грек тілінде «іш ғұз» ұйымының «скуз» болып естілуімен, осыған орай бұл ұғымды орыстар өз тілдеріне жақындатып «скиф» деп атағандығымен түсіндіреді. Ал, іш ғұздарды ежелгі парсылықтар «сақтар» деп ұлықтаған.

Маңдардың одақта темірдей қатты етіп тәртіп орната білулеріне, әскерлерінің жауынгерлік қабілеттерінің жоғарылығына, өздерінің батыл да қайсар, айтқанынан қайтпайтын қырсық мінездеріне қарап, былайғы жұрт оларды - нағыз патшалар деп құрметтеген, ұлықтаған. Бұл ұғымды ежелгі қытайлар өз тілдерінде «сай уань» - сақ патшалары, еуропалықтар – «царские - скифы» деп атап кеткен.

«Іш ғұздардың біршама жұрты Таяу шығысқа қарай жылжыған. Ж.с.д. VII ғ. олар «Қос өзен» (Месопотамия) аралығындағы бай елдерді жаулап алып, «Мидия» (Маннай) мемлекетін орнықтырған. Бұл мемлекет Таяу Шығыс өңірінде жаңа өркениеттердің қалыптасуына, жоғары деңгейде сауда саттықтың, жазу-сызудың есеп пен мәдениеттің, қол өнері мен зергерліктің, алыс-беріс айырбастың, рухани құндылықтар мен діни наным-сенімдердің туып, дамуына ықпал еткен» (Ельницкий, 1977: 45).

Ежелгі маңдардан оннан астам этноним өсіп, өрбіген. Айталық маңлар (маңдар, маңғыстаулық жұрт), маңғытайлар, маңғыттар, мамақтар, маннайлар (мидиялықтар), мажарлар, манаттар, машайлар, мүйтіндер, түркімендер, ноғайлар, «мен» (өзбектердегі), «мин» (башқұрттардағы) және басқалары.

Маңдарға қатысты мына дерек те қызығушылық танытады. «Генеология ДНК-сы деректері мен тілдік айғақтарға сүйенген біраз зерттеушілер кейінгі герман халқын да осы маңдардың ұрпағы деген жорамал пікірлерін білдіре бастады. Байырғы көне деректерде «герман» атауының «ерман», «эрман», «ирман» деген нұсқалары кездеседі. Мысалы, IX ғасырда өмір сүрген араб географы Мұхаммед ибн Мұса әл-Хваризми Германияны: «Ирманья, а она – земля ас-сакалиба» (Калинина, 1998:48) деген дерек береді. Мұндағы ас-сакалибаның Геродот жазатын «сколоттар» екенін, ал оның түрікше «асколыты» деп аталатынын тілші ғалымдар дәлелдеген болатын» (Дроздов, 2011: 152).

Маңдар болмысына қатысты арғы-бергі ғалымдар тарапынан деректелген жоғарыдағы мағлұматтар әрі лингвист, әрі тарихшы ғалым

К.Салғараұлы тарапынан қуаттала түседі. Каспий теңізінің шығыс жағалауларын мекендеген мандардың, - дейді ол, - «тунгр» (тұң-ар) тайпасы жұрты Батысқа жылжыған. Олар көше-көше келіп, Рейн өзенінен әрі қарай өткен. Сүйткен тунгрлер осы өңірлерді мекендеп отырған галлдарды өздеріне бағындырған. Өсіп-өнген өңірлерінде өздерін «ер+ман» дегізіп ататқан. Осы «Ерман» аталымының алғашқы бөлігіндегі «ер» (эр, ир) түсінігі байырғы түріктің «батыр», «нағыз» деген ұғымын білдіреді. Ал, екінші буынындағы «маңы» этнонимдік аталым. Сонда «ерман» аталымы «батыр ман», «нағыз ман» болып шыға келеді. Ежелгі «ерман» (эрман, ирман) аталымы бертін келе тіл өзгерістеріне қарай «German» деп аталып кеткен. Ежелгі заман тарихшыларының германдықтарды ірі денелі, өжет, аяушылығы аз, қатыгез жауынгер жұрт ретінде сипаттаулары да пікірімізді тұздықтай түседі. Римдік тарихшы Тацит (58-117 жж.) «напротив, слово Германия – новое, а недавно вошедшее в обиход, ибо те, кто первыми переправились через Рейн и прогнали галлов, ныне известные над именем тунгров, тогда прозывались германцами. Таким образом, наименование племени постепенно возобладало и распространилось на весь народ; вначале все из страха обозначали его по имени победителей, а затем, после того, как это название укрепилося, он и сам стал называть себя германцами» (Тацит, 1993: 354). Демек, германдықтардың түп тегі мандардан бастау алатындығының анық-қанығы негізделген ақиқат, шындық (Салғараұлы, 2015: 95-102).

Мандардың Маңғыстау өңірін жайлаған біршама ру-тайпалары ж.с.д. 4-ші мыңжылдықтың ортасына таман аймақты жайлаған қуаңшылыққа байланысты шығысқа қарай ауған. Бұған Қытай түркологы Сюзе Цзунчжэннің «Туцзюэ ши» (Түрк тарихы) зерттеуіне сілтеме жасай отырып, мағлұматтаған өзбек синологы А. Худжаевтың төмендегі мәлідемесі куәлік етеді. «Бұл көш-қон жұртын Орталық Азияның батысы аймағын мекендеп келе жатқан арғы түрктеткі халықтардың ондаған тайпалары мен ұлыстары, және де арғы мандардан өрімделетін іш ғүз (сақ-скиф) тайпаларынан төбесі үшкір қалпақ киетін массагеттердің біршама жұрттары құраған. Олар көше-көше келіп Байкалдың батысынан ағып барып Енесейге құятын арналары – Кіші Енесей және Үлкен Енесей өзендері алаптарына жетіп, қоныстанған» (Худжаев, 2012: 66).

### **1.2 Маңдардың «Маңқол» атануы**

Бұл өлке ортасына Мұзтауды ала Саян тауларын Алтаймен жалғастырып жатқан шөбі шүйгін, мол сулы құйқалы атырап саналатын. Өңірде айналасын күркіретіп Енесейге барып құятын Абақан, Үлкен Кем, Кіші Кем, Обь өзенін өз суларымен толықтыратын Катунь, Би және Шуй сарқырамалары ағып жататын. Міне осы өңірге жетіп, қоныстанған Маңдардың біршамасы жергілікті жұрттармен араласа-құраласа өмір сүрді. Өсіп-өніп көбейе келіп жаңа ұлыстық қауымдастық түзген. Сөйтіп, өңірді сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай мекендеп келе жатқан әскери күш-қуаты мықты мемлекетті хунгурлармен иық тірестірді. Батыс өңірлерден өздерімен қанаттаса көшіп келіп, осы өңірлерге қоныстанған қияндармен одақтасып Нгуий мемлекетін (Nguì-go) орнықтырған. Бұрынғы тарихи жазылымдарда көрсетілмеген бұл мәліметті ғылыми айналымға қосқан ескілікті иероглифтерді оқып, мән-мағыналарын түсіндірудің хас шебері, қытай оқымыстысы Ван Говей болды. Ол көне тарихи жазылым «Цзячувэньдегі» көне мәтіндерді аударып, XXIV-XXIII ғ. аралығында қазіргі Қытайдың теріскейінде түздік Нгуий мемлекеті (Nguì-go) болғанын көрсетіп берді. Сол замандарда, - дейді ол, - барлық арғы түздіктер нүкіз (нохой, ноғай) атанған. Бірақ барша түздіктер осылай аталғанымен, түп төркінде хуньюйлерден бұтақтанған жұрт деп танылатын (Ходжаев, 2012: 35).

Қытай оқымыстысы Ван Говей анықтап берген бұл мағлұмат өзге ғалымдардың еңбектеріндегі мазмұндаулармен де толыға түседі. Мысалы, - дейді тарихшы Ж. Байжумин, - түбі көнетұрандық маңдардың біршама жұрты көше-көше келіп, ж.с.д. XXIV-XXIII ғ. Қытайдың солтүстігінде тұрақтанған. Сол замандарда Маң бірлестігіне Алтай-Саян тауларын, Байкал көлі маңы мен Амур, Аргунь, Онон, Керулен, Толы өзендері алаптарын мекендеген арғы түрктенді халықтар да, орман тайпалары – мәнжүрлер де бағынышты болған. Маң бірлестігінің биліктегілері маң, хунгур, қияң жұрттарынан болған. Өйткені бұлар ж.с.д. 4-ші мыңжылдықтың ортасына таман Орталық Азияның батыс өңірлерінен шығысқа қарай жарыла көшкен өзара туыс халықтардың ұрпақтарынан құрылған жұрттар болатын. Өздерін билеген маңдардың әскерлерін орман халықтары - мәнжүрлер «маң қолы» деп атаған. Олардың «Ман қолы» дегендері «Ман әскері» дегендері көрінеді. Себебі мәнжүр тілінде «қол» түсінігі «әскер» деген ұғымды білдірген. Әрі ерте және орта ғасырлар тарихнамасында далалықтар арасында «моңғол» этнонимі мүлдем аталмайды. Бұл

этноним 1206 жылы Шығыс хан ордасында оған император лауазымын ұлықтаған құрылтайда ойда-жоқта туындаған. Ордада тіркелген қытай елшісі генерал Мэн Хунның айтуынша, осы құрылтайға дейін «манқол» деген атауды ешкім білмеген. Құрылтайда Шыңғыс ханды, оның арғы ата-бабаларын көпірте мақтаған ақылгөйлердің бірі «арғы ататек тарихындағы ержүрек «мэнвулерді» (маңдарды) еске түсірген. Бұл мақтаудың Шыңғыс ханға ұнағандығы соншалық, ол бірден қарауындағы барша халықты «Манқол» деп атауға бұйрық берген. Келе-келе «манқол» аталымы тіл өзгерістеріне қарай «моңғолға» айналған (Байжумин, 2013: 264).

Бұл пікірдің шынайылығы моңғол ордасында болған екінші бір қытайлық елші Хуан Дун Фаның естеліктеріндегі мағлұматтармен толығы түседі. «Маңдар чжурчжэндерден (шүршіт) әрі теріскей – шығысқа қарайғы аймақтарда мекендеген. Цзиньдік Лян билігі тұсында олар татарлармен бірлесіп шекараға жақын елді мекендердің ойран-топанын шығарып, шауып кетіп отырған» (Мэн-да бэй-лу, 1975: 51-52).

Хуан Дун Фа тағы да былай дейді. «Мен олардың лауазымды қызметте отырған басшыларынан сұрадым. «Неге Сіздер өздеріңізді моңғол деп атайсыздар?» деп. Олар тіпті «Моңғол» деген атты білмейтін болып шықты. Өздерін «манқол» деп атаймыз, деді. Шынында да «Юань-чао би-шидің» қытай тіліндегі текстінде «моңғол» атауы жоқ, биліктегі Шыңғыс хан ізбасарлары өздерін «манқол» деп жаздыртқан (Жоғарыда аталған еңбек. 53 б).

Қытай елшісінің бұл мағлұматтары «Юань-чао би шиді» сараптаған жапондық зерттеушілер Комоси Ёсиаки мен Тамура Дзицудзо тұжырымдаған пікірлермен де тоқайласа үйлеседі. «Шивэйлер құрамында болған маңқолдар Ванцзянхэ (олардың түсіндірулеріне қарағанда бұл Аргунь) өзенінің Амурға құяр сағасында мекендеген» (Кычанов, 1980: 136-141).

Шынында да байқап қараған кісіге мэнву (манбы), мэнью (манны), кян (қият), нохой (ноғай), маңғытай тайпалары мекендеген жерлердің маңдардың қияндармен бірігіп Nguі-гоны (Ноғай мемлекетін) орнықтырған аймақтың шығыс өңірлерімен толық сай келіп тұрғандығы ап-анық көрінеді. Демек бұл ел жұртының ежелгі маңдардан тараған көне германдық Ман, көне түрктік Ман, қазақтың Адайы мен Арғынның Ман, Өзбектің Мен және башқұрттың Мин және басқада ондаған түрк текті жұрттармен түбі бір туыстықтары бар екендігі анық.



Дей тұрғанмен, Шыңғыс ханның өзінде, оның мирасқорларын да, олар құрған алып мемлекеттерді де түрктенді халықтардан, соның ішінде көне тұрандық маңдардан қашыртып ұстау үшін, «манқол» этнонимін «Моңғол» дегіздіртіп атап жүргендерін білдірмеу үшін кейбір орыс тарихшылары бір емес, екі моңғол мемлекеті болған, оның біреуі Эргунэ (Аргунь) мен Шизянь (Шилка) өзендері қосылып Хыйшуйге (Амурға) құяр сағасында «Мэн – гу го» (Су бойы моңғолдары мемлекеті) деген аталыммен орын тепкен. Ал, екіншісі үш өзен (Онон – Керулен – Толы) бойына «Да мэн – гу го» («Үеке Mongyol ulus» - Ұлы Моңғол мемлекеті) деген аталыммен болмыстанған деп жазуларынан әлі күнге таңбайды (Крадин, 2006: 557).

Орыс тарихшыларының моңғолдардың шығу тегін арғы түрктенді жұрттардан қашыртып, сан-саққа жүгіртетіндігіне қарамастан, Ресейде оқып, ғылым докторы дәрежесін иеленген моғолдардың, әлемге аян тарихшыларының өздері де моңғолдардың арғы тегін хұндардан бері қарай бұтақтандырады.

Хұндардан сябилерге, олардан жужандарға ... түрктенді ... ши – вэйлерге ... қидандарға ... осылайша тарқата береді ...

Моңғолдардың арғы тарихынан сыр тартқан моңғолдың атақты тарихшыларының бірі Чулууны Далайдың жазуынша, ... бұдан талай ғасыр ілгері, біздің жыл санауымыздан әлдеқашан бұрын байырғы моңғолдардың бабалары өзге бір көшкіншілердің жойқын жорығынан кейін қырылып қалған. Тек Нохой, Хиан (Хиат) атты екі тайпаның азғантай ғана әулеті әрең дегенде қашып құтылып Эргүнэ – Күн деген жерге жасырынып, мекендеп қалған. Рашид ад-Диннің жазғанына қарағанда Эргүнэ деген атау қия-құз, күн деген сөз сұлама тау дегеннен туындайды екен. Ал сол Эргүнэ-Күн деген жердің қайда екендігі белгісіз. Әлі күнге анықталмаған (Далай, 1966: 71).

Дей тұрғанмен моңғол тарихшыларының кейінгі ізденістері Эргүнэ-Күннің орналасқан жерін анықтаған көрінеді. Бұл жер жоғарыдағы сараптаулар барысында анықталғандай, Аргунь өзенінің Амурға құяр сағасына жақын маңдағы таулы өңір екен. Ежелгі түрктенді халықтар тілінде «Эргүнэсі» қия – құзды, ал «Күні» жер деген ұғым – түсінікті білдіріпті. Жергілікті халық бұл өңірді әлі күнге «Эргүнэ - Күн» деп атаумен қатар «Хулдахаркүн», «Наху-Күн» деп те ұғынатын көрінеді. Кейінгі екі аталым да «Эргүнэ - Күн» сияқты таулы, қыратты биік жер дегенге меңзейтін сыңайлы. Әрі қосымша

дәлелдемеге Моңғол тарихшылары Рашид-әд-Диннің еңбектеріне (Рашид -ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. Кн.1. – М – Л., 1952. –С. 101-102) сілтей келіп, IX ғасырда маңдардың ру-тайпалары маңғытай, қият, нүкіз (ноғай), дүрмен, хатах, журад (жадаран), нисуд (бәсуд), кунгуяд, чуми (жаныс) және басқалары өзара ұйысып, ұлысты ел, яғни «Мэн-бу го» (Су бойы моңғолдары мемлекеті) атанғанын тілге тиек етеді (Пэрлээ, 1959: 15-17; Надмид, 1967: 9-15).

Жоғарыдағы баяндаулар қытай тарихшысы Е Лунь-ли еңбегіне сілтейтін төмендегі деректік мағлұматпен де үйлесе жымдасады. «Қидандардан ары, теріскейге қарайғы өңірлерде «Маң-го» (Маң мемлекеті) орналасқан. Халқы шөбі шүйгін, суы тұнық жайылымды жерлерді қуалап көшіп-қонып жүреді. Тұрақты мекен-жайлары жоқ. Күмбез тәрізді киіз үйлерде тұрады. Киімдерінің алдыңғы өңірлерін солдан оңға қарай ашады. Ет жеп, қымыз ішеді. Киімді теріден тігіп, жүннен тоқиды. Оларда мүйіз нақышты садақ, ысқырма жебе, сауыт, қылыш және семсер сияқты қару-жарақтар бар. Адамдары атқа мықты, садақ тартуға шебер, жаратылыстарынан жауыз болады. Үнемі барымтаға шығып, ел тонайды.

Десек те қидандармен соғысуға батпайды. Олармен ауыс-түйіс жасап, жылқы, өгіз, қой, түйе, жүннен тоқылған бұйымдар саудалайды. Олардың тұрғылықты жерлерінен Ляо мемлекетінің жоғары астанасына дейін 4000 ли (2000 км.) (Е Лун, 1979: 304-306).

«Сүй шуда» (Суң әулеті тарихы) былай деп жазылған.

«Солтүстікте өте биік таулар бар. Сол таулардың арғы жағында өз бастауын Цзюйлуңь көлінен алып, шығысқа қарай Шицзяньхэ өзені ағады. Осы өзеннің оңтүстігін ала «Мэн-ву» (манбы) тайпасы мекендейді», делінген. Осыған қарап Е.И. Кычанов маңдар мекенін төмендегіше анықтайды. «Цзюйлуңь көлі бұл қазіргі Хулуңьчи (Хулуңь-нор, Далай-нор) көлі. Бұл көлге Керулен өзені құяды. Ал Ванцзяньхэ өзені бұл Аргунь өзені. Өйткені бұл өзен Далай-нор көлінен ағып шығып, Амур өзенінің орта ағысында оған қосылады. Шицзяньхэ өзені дегендері де Аргунь өзені болуы мүмкін. Өйткені жазылымға қарағанда бұл өзен де Цзюйлуңь көлінен ағып шығады. Ал, Шизянь дегендері Шилка өзені. Себебі Шилка мен Аргунь қосылып барып, Амурға құяды (Кычанов, 1980: 173-176).

Маңдар барынша күшейіп тұрған замандарында Амурдың екі қапталын мекендеп, Аргунь өзенінен шығысқа қарайғы біраз аймаққа билік жүргізген. Сол замандарда маңдарды мәнжүр тілді орман халықтары «Манғыт» (Маңғыт) деп атай бастаған. Бұл этнонимдік

аталым «маңға» мәнжүр тіліндегі көптікті білдіретін «-т» жұрнағын жалғау арқылы туындаған.

Маң мемлекетінің күйреуіне Бохай мемлекетінің шапқыншылығы себепші болған. Бохайлықтар оларды тас-талқан етіп жеңіп, өздеріне тәуелді еткен. Бохайлықтардың бодандығына түскісі келмеген маңдардың басым көпшілігі қаша көшіп келіп, Онон өзенінің орта ағысы тұсына қоныстанған. Сондықтан маңдарды басқа түздіктерден бөліп көрсету үшін Қытай тарихшылары «бұлар Эргунэ-күннен ши-вэйлерге (отыз татарға) кейіндеу келіп қосылған жұрт» деп атамалап, жазбалаған. Мысалы, 945 жылы жазылған «Цзю Тан шуда» (Көне Таң әулеті тарихы) маң жұртын «мэнву» (манбы), «мэньу ши-вэй (отыз татардың маңы), кейде «мангыт» (маңгыт) деп ұлықталған.

Ал, 1045-1060 жылдар аралығында жазылған «Син Тан шуда» (Жаңа Таң әулеті тарихы) маңдар «мэнву-бу» (манбы тайпасы) деп хатталған», делінеді (Мэн-да бэй-лу, 1975: 89-90).

Осыған қарағанда маңдардың ши-вэйлер санатында көрінулері Х ғ. екінші жартысында орын алған.

Дей тұрғанмен ши-вэйлер әртүрлі тайпалардан құрылған бірлестік болғандықтан, олардың арасында малға жайылымдық жер таласы, немесе барымташылық дегендей өзара қантөгісті жанжалдар болып тұрған. Осындай бір қантөгісті жанжалдан кейін олар жарыла, жан-жаққа бытырай көшкен. Олардың ішінен бірқатары Байкал маңына тұрақтаса, біршамасы Алтай – Саян таулары баурайларына табан тіреген. Үшіншілер Батыс Сібірге қарай ауған. Батыс Сібірге ауа көшкендердің ішінде маңғытай, сағай (шағай), хотан, шапрашты, салжұт, қошы, аялы, башқұрт, табын, жағалбайлы, жалайыр, т.с.с. этностардан біршама жұрт болған. Қазіргі халықтану ғылымында «Сібір татарлары» деп аталып жүргендер осылардан, және де осылар сияқты өзге де түбі түрктенді жұрттардан өсіп-өнген халық деп есептеледі.

Ал, ши-вэй (отыз татар) бірлестігіндегі тайпалардың басым көпшілігі қазіргі Моңғолияның оңтүстігіне қарай көшіп, Ин тауының (Иньшаньның) теріскей бетіне жетіп, тұрақтайды. Мэньулерге (Маң) қоныстық жер ретінде Онон, Керулен және Толы өзендерінің бойы бұйырады. Осы аймақты қоныс ете жүріп, олардың «манқол» этнонимімен алғаш рет айналасына танылуына себеп болған оқиға – оларға қарсы 1135 жылы шүршіттердің (чжурчжендердің) соғыс ашуы болған.

Бұл соғыста мәнбулер (маңдар) шүршіттерді ойсырата жеңеді. Сөйтіп айналасындағы өзге жұрттарға «Ман қолы» аталымымен танылады.

Міне, Шыңғыс хан император болып сайланған 1206 жылы болып өткен Құрылтайда оның арғы ата-бабаларын көпірте мақтаған ақылгөйлерінің бірінің «арғы ататек тарихындағы ержүрек мәнбулерді (маңдарды) еске түсіруі» себепші болып, Шыңғысханның қарауындағы барлық халықты «манқол» деп атауға бұйрық беруі осылай туындаған. Келе-келе «манқол» аталымы тіл өзгерістеріне қарай «моңғолға» айналған.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- Байжумин Ж. *Тұран. Адамзат қоғамының тарихына көзқарас.* – Алматы: Арыс, 2013. – 264б.
- Бейсенбайұлы Ж. *Арғы түрктар ақиқатының ізімен.* – Алматы: Қайнар, 2006. – 336 б.
- Далай Ч. *Монголын Түүх. Хамаг Монгол-улс (1101–1206 ж).* Бірінші дөптер. - Улаанбаатар, 1966. –123б.
- Дроздов Ю.А. *Тюркскоязычный народ европейской истории.* – М, 2011. – 600с.
- Е Лун-ли. *История государства киданей (Цидань го чжи)* //Пер. введ. и ком. В.С. Таскина. – М.: Наука, 1979. –237с.
- Ельницкий Л.А. *Скифия евразийских степей.* – Новосибирск, 1977. – 134с.
- Калинина Т.М. *Сведения ранних ученых Арабского халифата.* – М, 1998. – 24с.
- Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. *Империя Шингис-хана.* – М.: Вост. Лит., 2006. – 557с.
- Кычанов Е.И. *Монголы в VI – первой половине XII в. /Дальний Восток и соседние территории в средние века.* – Новосибирск, 1980. – С. 136-141.
- Мэн-да бэй-лу (Моңғол-татарлардың толық сипаттамасы).* Пер.и комент. Н.Ц. Мункуева. – М., 1975.- С. 51-52.
- Надмид Ж. *Монгол хэл, түүний бичгийн түүхэн хөгжлийн товч тойм.* -Улаанбаатар, 1967. –193б
- Пэрлээ Х. *Кидан нар тэдний монголчуудтай холбогдсон нь.* - Улаанбаатар. 1959. – 314б.
- Салғараұлы Қ. *«Күн тегі» мен «Айдың» бауырлары.* – Түркология, 2015. №1. – 95-102-б.
- Тацит. *Сочинения.* –М, 1993. – С.354
- Худжаев А. *Из истории древних тюрков / сведения древнекитайских источников.* – Ташкент: Изд-во «Тафаккур» АН Республики Узбекистан, 2012. – 218с.

### **Özet**

DNA'nın sosyolojik analizi, Türk halklarının etnojenezinin köklü olduğuna dair tutarlı kanıtlara dayanmaktadır. En eski Türk oluşumlarından biri Man topluluğudur.

En başından beri, Manlar, bir askeri, inatçı, acımasız ve zalim insanlardı. Fethedilen topraklarında on devlet kurmuşlardır. Bu ülkelerden biri, antik Çin kaynaklarında, M.Ö. XXIV.-XXIII. yüzyıllarda Manlar tarafından oluşturulan Ngui-go'dur (Nogay Devleti). O devletin içinde olan orman halklarından biri Mancurlar, Manlar'ı «Man'ın eli» olarak adlandırmışlardır. Bunun anlamı «Manlar'ın askeri» gibi idi. Çünkü Mancurların dilinde «eli» kelimesi «asker» anlamına gelmektedir. Kendi dillerinde «Man» etnos adına “-t” çokluk ekini ekleyerek «Manların çok olduğunu» belirtmişlerdir.

The article deals with the life and creative activity of the first and only Uzbek actress Nazira Aliyeva, who played a role on the stage of the Azerbaijani theater in the Azerbaijani language, which embodied the scenic culture of the two peoples. Citing facts and examples from her work, the author pays great attention to the elements of the actress's scenic speech, the technique of acting.

**Key words:** Actress, role, image, staging, skill, stage, performance.

На сцене звуки «Кари наво». Танцует прелестная девушка. Восхищённые воздушным полётом танца, зрители усыпают сцену красными розами. Острые шипы вонзаются в ноги, но девушка не обращает на них внимания. Красные цветы, смешанные с красными каплями крови рисуют по сцене причудливый рисунок. Сцена обретает багровый оттенок. Но что, же танцовщица? Остановить действие нет никакой возможности. Ибо она актриса! И играет свою любимейшую роль Киммат в спектакле У. Исмаилова «Рустам». Восторженные зрители под гипнотическим воздействием таланта молодой актрисы выражают свои чувства, продолжая осыпать её цветами.

Это происходило в далёком 1935 году на сцене Узбекского Национального театра. На этом спектакле ей особенно тепло

---

\* Доцент государственного института искусств и культуры, заслуженный деятель искусств Узбекистана. Ташкент-Узбекистан.  
Associate Professor of the State Institute of Arts and Culture, Honored Artist of Uzbekistan. Tashkent- Uzbekistan.



рукоплескали гости - актёры Азербайджанского драматического театра: Сидки Рухулло, Аббос Мирза Шарипов, У. Ражаб, Марзия-ханум, М. Алиев, С.Хожиева, А. Мамедова. Их гордость и радость за Назира-ханум. Есть пословица - «Величие учителя выше величия отца» и жаркая атмосфера восприятия зрителем спектакля согревалась сердцами педагогов и коллег Назиры-ханум.

Алиева Назира Насреддиновна (1912-1980 гг.) первая и единственная узбекская актриса, игравшая роли на сцене Азербайджанского театра на азербайджанском языке. Она воплотила в себе сценическую культуру двух народов.

Впервые она вступила на подмостки профессионального театра в Азербайджане, сыграв роль в Бакинском государственном Академическом театре имени Азизбекова в спектакле Жаъфар Жаббарли “Ўктой-эл ўғли” (Уктой-сын народа). Она играла Дездемону с великим Азербайджанским актёром Народным артистом Республики Аббос Мирза Шариповым – в роли Отелло. Что же здесь удивительного может спросить читатель. Удивительное в том, что она была узбечка. Удивительное в том, что приехав из Узбекистана учиться в Бакинском театральном техникуме, стала знаменитой актрисой двух народов. Это было в далёком 1925 году.

1912 году 31 декабря в Ташкенте в семье потомственных военных родилась девочка. Её назвали Назирой. Её прадедом был Генерал-майор Российской армии Журабек сын Каландар коры. Он был Генерал-губернатором в г. Шахрисабзе - родине Амира Темура. Его сын Оллокули Журабеков также пошёл по стопам отца, стал военным. Его сын, отец Назиры - Насриддинбек, окончил Петербургское кадетское училище. Окончив русско-туземную школу девушка поступила в педагогическое училище.

Незабываемое впечатление оставил в её душе впервые увиденный спектакль профессионального театра «Халима», в тогда еще единственном профессиональном театре, в знаменитом зале «Колизей». Этот спектакль определил её будущее.

Тут и появилось сообщение о том, что в Баку - столице Азербайджана открывается Государственный тюркский театральный техникум. 1926 году Назира с несколькими своими сверстниками решила поступать в этот техникум. Среди учеников данного техникума оказались в будущем знаменитые Халима Насырова - Народная артистка СССР, Народные артисты Узбекистана Сайфи кори Олимов,

Н. Бобожонов, С. Журабаев, А. Жураев, М. Хамидов, З. Кабулов, Х. Ходжаева, К. Ёкубов и др.

Ещё до Октябрьского переворота Азербайджанские артисты дважды побывали со своими спектаклями и концертными программами в Узбекистане. «В 1916 году на гастроли в Узбекистан приехала азербайджанская труппа, под руководством Сидки Рухулло. «Лайли и Меджнун», «Асли и Карам», «Аршин мал - алан», «Не тот, так этот» решённые в жанре музыкальной драмы и комедии были восприняты зрителями с бесконечным восторгом и уважением» (Алиева, 1976: 55).

Но вернёмся в 1926 год. В Бакинском техникуме преподавателями узбекских учеников были Кирманшахли и Александр Александрович Туганов. Но, по настоящему, уроки мастерства актёра, Назира получила, вступив на подмостки профессионального театра «Сатира - агит». Здесь она играла в спектакле «Чичакли йоллар» - Таня, в пьесе Мирзафатали Охундова «Мсье Жордон ва дарвеш Масталишох» - Шарафнисахоним. А в спектакле по роману Виктор Гюго «Собор парижской Богоматери» сыграла сразу две роли - Эсмеральду и Воришку. Эсмеральда в спектакле по мотивам романа В. Гюго «Собор Парижской Богоматери» и другие были исполнены на чистейшем азербайджанском языке.

«В начале на роль Эсмеральды была назначена Фатима Кадрий, я была дублёром. Но Фатима Кадрий бескорыстно, не жалея времени и сил, работала со мной над ролью. Благодаря моему добрейшему педагогу и наставнику Фатиме - ханум Кадриевой, эту роль я сыграла успешно. Постепенно из спектакля в спектакль я стала работать уверенно и обрела своё место в труппе театра» (Алиева, 1976: 39).

1927 году её пригласили в Академический театр имени Азизбекова. В этом театре она сыграла ряд ведущих ролей, в том числе Фарангиз в спектакле « Уктай-эл огли» драматурга Жаъфар Жаббарли, в пьесе Данилова «Қора сув» роль Камары, Феруза в пьесе «Шохнома» по поэме Фирдавсий, Дездемона в спектакле «Отелло» по пьесе Шекспира и другие.

В этом учебном заведении преподавали такие выдающиеся деятели театра как Серафима Бирман, Борис Михайлович Сушкевич, Елизавета Фёдоровна Саричева. Здесь же ей улыбнулось счастье, редко кому ранее удававшееся.

После окончания института её направили как специалиста в Ташкентский Академический театр им. Хамзы. В этот период в её творческой биографии появились такие роли как Холисхон в пьесе Х. Х. Ниёзий, Қиммат в пьесе У. Исмаилова “Рустам”, Дездемона в пьесе Шекспира “Отелло”. В роли Отелло знаменитый узбекской актёр Аброр Хидоят, в музыкальном спектакле “Фарход и Ширин” – Ширин. Здесь же в 1933 году при театре Хамзы открылась первая театральная студия, где получили начальное образование Народные артисты Узбекистана Икрома Болтаева, Учқун Рахмонов, Жалил Рахмоний и другие видные актёры театра. Назира Алиева преподавала в этой студии “Сценическую речь” и “Мастерство актёра”.

В 1935 году Азербайджанский государственный театр им. Азизбекова приехал с гастрольной поездкой в Узбекистан. Баку был её второй родиной. Материнское чувство, тоска, а также дружеское отношение Бакинских актёров опять повернуло судьбу актрисы. Она решила вернуться в Азербайджан. Так в августе 1935 года Назира Алиева вновь оказалось в Баку. Семейное счастье трех близких людей нельзя описать словами. Её приняли актрисой первой категории в Академический театр. В течение 5 лет в театре она создала около 20 образов в классической и национальной драматургии. Ей посчастливилось сыграть роль Эмилии и быть партнёром знаменитого Армянского трагика Папазяна в спектакле «Отелло». Она также стала преподавать в Театральном техникуме. Как преподаватель она подготовила большое количество высококвалифицированных специалистов сценического искусства.

В 1940 году её пригласили в Государственный Академический театр им. Хамзы для укрепления творческого состава театра, а также на педагогическую работу в целях повышения мастерства актёра других областных театров.

В 1945 году в Ташкенте открылся Театральный институт. Назира Алиева стала одним из первооткрывателей данного учебного заведения вместе с Манноном Уйгуром, отцом узбекского театра и ведущими театральными деятелями из Москвы. С этого года она полностью перешла на преподавательскую деятельность. Стала заведующей кафедрой сценической речи. Спустя несколько лет театральный институт стал готовить не только узбекских актёров. Учитывая потребности других регионов Средней Азии в специалистах, открылись Туркменские, Таджикские, Киргизские и Каракалпакские студии. Благодаря своей эрудиции и знаниям общетюркских языков

Назира Алиева вела занятия по предмету «Сценическая речь» в туркменских, каракалпакских группах.

Ныне многие ведущие театральные деятели старшего поколения этих Республик с любовью отзываются о Назире Алиевой. Среди них много Народных артистов, деятелей искусств, а так же научных деятелей Средней Азии.

#### ЛИТЕРАТУРА

Алиева Н. (1976). *Санъат менинг ҳаётим*. –Т.: изд. Гафура Гуляма.

Клитин С. С. (1979). *Творческое воображение и словесное действие* /Сборник научных трудов. Проблемы сценической речи/. Л.

#### Түйіндеме

Мақалада екі елдің сахналық мәдениетін бойына дарытқан, Өзирбайжан театры сахнасында рөлдерді эзирбайжан тілінде алғашқы болып сомдаған өзбек актрисасы Нәзира Әлиеваның өмірі мен шығармашылық қызметі туралы баяндалады. Автор оның шығармашылығынан фактілер мен мысалдар келтіре отырып, актрисаның сахналық тіліне, актерлік шеберлігіне баса назар аударған.

**Кілт сөздер:** Актриса, рөл, бейне, қойылым, шеберлік, сахна, спектакль.

**(Махмудов Ж. Өзбекстандағы Мельпоменаның алғашқы қарлығаштары)**

#### Özet

Makalede, iki halkın doğal kültürünü şekillendiren Azerbaycan tiyatrosunun sahnesinde Azerbaycan Türkçesinde rol oynayan ilk ve tek Özbekistanlı oyuncu Nazira Aliyeva'nın hayatı ve yaratıcı etkinliği ele alınmaktadır. Çalışmada, sanatçının yaratıcılığında örnekler verilerek, oyuncunun sahne konuşmasının unsurları ve oyunculuk tekniğini anlatılmaktadır.

**Anahtar kelimeler:** Oyuncu, rol, görüntü, beceri, sahne, performans.

**(Mahmudov J., Özbekistan'daki Melpomenin İlk Kırlangıçları)**

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ ҰЛТТЫҚ  
ТУРИЗМДІ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕ**  
**THE CULTURAL HERITAGE OF THE GREAT SILK ROAD IN THE  
CONTEXT OF THE DEVELOPMENT OF NATIONAL TOURISM**

Ақмарал МАЛДЫБЕК\*  
Гүланда ДАЙРАБАЕВА\*\*

**Түйіндеме**

Мақалада Ұлы Жібек жолы мұрасының мәдени туризмді жандандыру мүмкіндіктері қарастырылған. Азия мен Еуропа халықтарының өмірінде Ұлы Жібек жолының экономикалық және саяси маңызы зор болды. Ол Шығыс пен Батыстың арасындағы ерекше көпір іспеттес болды, оның арқасында халықтардың сауда-саттық және мәдени салада ынтымақтастығы жүзеге асырылып отырған. Бұл халықтар мен елдердің қарым-қатынас түзуінің ең жақсы жолы сауда, мәдениет және ғылым жолы болып табылатындығының дәлелі болып табылады. Сондықтан да біздің заманымызда Ұлы Жібек жолы дәстүрін қайта жаңғыртып, қалпына келтіру үрдісі аса өзектілікке ие болып отыр.

**Кілт сөздер:** Туризм, мәдениетаралық сұхбат, Шығыс пен батыс, жаһандану, құндылықтар.

**Summary**

The article deals with the importance of the heritage of the Great Silk Road in the development of cultural tourism. The Great Silk Road undoubtedly had an important economic and political importance in the life of the peoples of Asia and Europe. It served as a kind of bridge between East and West, thanks to which there was interaction and cooperation of peoples in both trade and cultural sphere. It also shows that the most excellent way of contact and communication of peoples is the way of trade, culture and science. And that is why in our time the process of restoring the traditions of the Great Silk Road has become relevant.

**Key words:** Tourism, intercultural dialogue, East and West, globalization, values.

---

\* Философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philosophy, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University.

Turkestan, Kazakhstan. E-mail: [akmaral.maldybek@ayu.edu.kz](mailto:akmaral.maldybek@ayu.edu.kz)

\*\* Философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Philosophy, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University.

Turkestan, Kazakhstan. E-mail: [Gulanda18@mail.ru](mailto:Gulanda18@mail.ru)

Әлемде Ұлы Жібек жолына деген коммуникациялық, көліктік, энергетикалық қызығушылық байқалуда. Көптеген ғасырлар бойы Еуропа мен Азияның арасында көпір рөлін атқарып келген біртұтас трансконтиненталдық Ұлы Жібек жолы материалдық құндылықтарды (сауда қатынастарды, қолөнерді, жаңа қоныстарды салуды) дамытып, оларды алмасу ісін ғана емес, тұтастай мәдени кешендердің өзара әрекеттестігін де қамтамасыз етеді.

Өткен ғасырларда еліміздің аумағынан Ұлы Жібек жолының өткені Қазақстанның бейнесіне ерекше сыр беріп, шетелдік қонақтардың айтарлықтай қызығушылығын туғызуда. Мәніне бойласақ, бұл – қазақ халқының генетикалық жадында ерекше белгімен қалған тарихи-мәдени маңызы зор болып табылатын үлгі ескерткіш.

Көптеген туризм аймақтарының тәжірибесі көрсеткендей, туризм саласын ойластырып дамыту мәдениетаралық құндылықтарды таратып, мәдениеттердің бір-бірін байытуына бірегей мүмкіндік туғызады.

Қазақстанның туризмді дамыту саласындағы әлеуетін талдай келе, көптеген ғалымдар мен тәжірибелі мамандар туризмді дамытудың экономикалық артықшылықтарының айқын болып табылатындығын, бірақ бүгінде қол жеткізілген нәтижелердің толық емес, оның себебі Ұлы Жібек жолының жеткілікті толық пайдаланылмайтын әлеуетті туристік қор болып отырғанында, сондықтан оны ықпалдастырылған ірі туристік өнімге айналдыруымыз қажеттілігі атап көрсетілуде.

Жібек Жолының Қазақстан аумағының екі мыңға жуық километрді құрайтын туристік негізгі ресурстары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жинақталған, ал Түркістан, Тараз және Алматы осы аймақта ерекше орынды иеленеді. Сондықтан, осындай көптеген туристік мекендері бар Жібек жолы үшін туризмді дамыту аса өзекті болып табылады.

Ұлттық туризмді дамыту контекстінде Ұлы Жібек жолының мәдени мұрасын зерттеу Қазақстанның ғана емес, жалпы халықаралық қатынастарды дамытудың да экономикалық келешегі жайын ойластыруға септігін тигізеді. Бұл жоба Қазақстанға өзінің географиялық жағдайының артықшылықтарын барынша тиімді пайдаланып, заманауи инфрақұрылымды құрып, қолда бар өнеркәсіптік әлеуетті әлемдік экономика талабына сай жетілдіріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлы Жібек жолы ескерткіштерін толығымен қамтудың негізгі мәселесі мемлекеттер арасындағы шекара болып табылады, яғни көшпелі туризм кезінде бір жерден екінші жерге немесе бір мемлекеттен екінші мемлекетке қоныс ауыстыру туристер үшін де, туризмді ұйымдастырушылар үшін де күрделі мәселе болып табылады. Мысалы, көшпелі туризмнің біріккен бағдарламаларын Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда ұйымдастыру мен жоспарлау үшін сол қалалар орналасқан мемлекеттің бақылау-өткізу бекеттерінің өткізу уақыты мен мерзімін білу керек. Себебі, тіпті кейбір күндері, мысалы, мерекелік күндері бақылау өткізу бекеттері жұмыс істемейді. Мұндай қиыншылықтар Ұлы Жібек жолы бойындағы мемлекеттердегі көшпелі туризм маршруттарының өту үдерісіне кедергі келтіреді. 1-кестеде Ұлы Жібек Жолы бойында көшпелі туризм дамуының SWOT талдауы көрсетілген. Ертеде Ұлы Жібек жолының дамуы әртүрлі мемлекеттердің керуен жолдарын бақылау үшін геосаяси күреске байланысты болса, бүгінде ол аса қатты өзгерген жоқ: геосаяси тұрақтылық сол қалпы маңызды рөл атқарады. Тек, Ұлы Жібек жолының даму мақсаты өзгерді. Егер бұрын Ұлы Жібек жолы бойы көшіп-қону мақсаты сауда болса, бүгін көршілес өзара қатынас негізінде туризмді дамыту болып табылады (Алиева, Қалиева, 1992:108-109).

<b>Артықшылықтары</b>	<b>Кемшіліктері</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- табиғи ресурстардың молшылығы: жер рельефі, туристерге көрсетуге арналған табиғи объектілер;</li> <li>- туристік объектілер (көрнекті орындар);</li> <li>- әр елдің мәдениетімен танысу: халық дәстүрлерінің сақталуы және онымен танысу;</li> <li>- халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы: өмір сүру жағдайының жоғарылауы, халықтың білімділігі мен көзқарастарының дамуы;</li> <li>- инфрақұрылымның дамуы;</li> <li>- автотуризм, велотуризм, салт атты туризмді дамыту;</li> <li>- Ұлы Жібек жолы бойындағы әр елдің ұлттық өнімдерін шетелге шығару;</li> <li>- көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнату;</li> <li>- салауатты өмір салтын ұстану.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- осы сфераның дамуына арнайы мемлекеттік қолдаудың жоқтығы;</li> <li>- кездейсоқ апаттардың болуы;</li> <li>- мезгілдік саяхат жасауға баратын аймақтарға байланысты (қыста солтүстік аймақтарда қауіпсіздік ретінде, мұзтайғақ болғанда жолдарды жауып тастайды);</li> <li>- тілдік кедергі: аудармашылардың жетіспеушілігі, халықтың көпшілігінің халықаралық қатынас тілі болатын ағылшын тілін білмеуі.</li> </ul>

Мүмкіндіктері	Кедергілер
<ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа және бәсекеге қабілетті отандық турөнімдердің жасалынуы;</li> <li>- туристерге қызмет көрсетуге жаңа инновацияларды енгізу;</li> <li>- әлемдік туристік нарыққа еліміздегі туризмді насихаттау;</li> <li>- инвестициялар тарту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- экономикалық кризистің қалыптасуы;</li> <li>- табиғи апаттардың болуы;</li> <li>- саяси мәселелер: мемлекет аралық келіспеушіліктер</li> </ul>

1 кесте. Ұлы Жібек жолы бойында көшпелі туризм дамуының SWOT-талдауы

Осылайша, көшпелі туризмнің тұрақты өсуі туризмнің дамуы, мұраны басқару және жергілікті қауымға құрмет көрсету арасында теңдікті қамтамасыз етуді талап етеді. Ол сонымен қатар Ұлы Жібек жолының тағайындалу орындары, меншікті сектор және азаматтық қоғам арасында кооперацияларды және жан-жақты әрекеттесуді талап етеді.

Капиталдарды, технологияларды, қызметтер мен ақпаратты қарқынды түрде ықпалдастыратын жаһандандыру процестерінің қозғалтқышы әлемдік сауда болып табылады. Жаңа елдерді, аймақтарды және тұтастай құрлықтарды біртұтас желі ішінде байланыстырып отырған жаһандық экономика бұрын серіктес болмаған мемлекеттерді өзара әрекеттестікке талпындырып, екіжақты және көпжақты қатынастардың сипатына, қарқынына және ұзақтығына өз әсерін тигізуде. Азия мен Еуропа арасындағы сауда-саттықты дамытудың жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді, экономикалық, мәдени, әлеуметтік дамудың әртүрлі деңгейлерінде тұрған және саяси құрылысы әртүрлі болып келетін көптеген елдердің күш біріктіруін көздейтін Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту жобасы жаһандық даму үдерістеріне сай келеді.

Ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы әр алуан елдердің, халықтардың жақындасуына, олардың идея және білім алмасуына, тілдер мен мәдениеттердің бір-бірін дамытуына септігін тигізіп келген.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени өнімдердің ауысуы тек отырықшы өркениеттердің арасында ғана жүзеге аспады. Көшпелі қоғамда мәдени қарыштау болуы мүмкін емес деп ойлаудың өзі қате. Жалпы көшпелілер, оның ішінде әсіресе түркілер, үндірийлер,



арабтар адам өмір-тірлігінен айырғысыз нәрсе ретінде, қазір барша адамзаттың күнделікті тұрмысында қолданылатын көп бұйымдарды ойлап тапты. Бұл жөнінде тек олардың ұрпақтары ғана емес, сонымен бірге әділ пиғылдағы батыстық және ресейлік ғалымдар да жиі қайталайды. Мысалы, Л.Гумилев түркілер мен моңғолдардың материалды мәдениеттегі жетістіктерін жоғары бағалайды: «Қазіргі еуропалықтардың еркек жыныстыларын айтқанда, көз алдыңа келе қалатын киім-кешектің бір түрі – шалбарды көшпелілер тіпті ежелгі заманда-ақ ойлап тапқан. Үзеңгі 200 және 400 жылдар арасында бірінші рет Орталық Азияда пайда болған. Алғашқы, ағаш дөңгелекті көшпелі арба, әуелгі үлкен доңғалақты күймеге ауысты да, сосын оның орнын киіз үй басты, бұл көшпелілердің орман-тоғайлы тау қырларынан қиналмай асып түсулеріне жағдай жасайды. Ауыр да түзу семсердің орнын басқан қайқы қылышты көшпелілер шығарған жебелерді аңыратып, 700 м жерге дейін жеткізетін, сала-құлаш құранды садақты ойлап тапқан да солар. Ақыр сонында, ол заманда тұрғын жайдың ең жетілген түрі киіз үй болып есептелетін» (Гумилев, 1992:39).

Сарыарқадағы көшпелі тайпалар мен Орталық Азияның егінші, қолөнерші қауымының товар айырбастайтын орталықтары Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда орналасқан. Мысалы, Отырарда биік қорған, қақпа, сәулетті медресе-мешіт, мұнара, кітапхана ғимараты, қала әкімінің мекемесі т.б. көркем құрылыстар болған. Қару-жарақ, алтын-күміс, асыл тас бұйымдары, шыны ыдыстар, зат қоймаларының табылуына қарағанда, қалада зергерлер мен темір ұсталары, шыны, керамика шеберлері тұрғаны көрінеді. Жувейнидің жазуына қарағанда, 1219 жылы моңғолдар ойрандап кеткен Янгикент (Жанакент) осының нақтылы көрінісіне жатады. Жазба деректерде көрсетілуінше, қала Сырдың Арал теңізіне құярлығына орналасқан, Оғыздардың көне астанасы болды. Қаланың биік дуалы, мұнара, қақпалары болған. Ежелгі Русьтің, Новгородтың, Хазар, Бұлғар хандықтарының көпестері Хорезм, Үндістан, Қытай саудагерлерімен тауар айырбастап тұрған. X ғасырдағы араб саяхатшысы Ибн Хаукал Янгикентке Үргеніштен 10 күнде, Фарабан 20 күнде жетуге болатынын хабарлайды (Маргулан, 1950:37).

XVI–XVII ғасырлардағы архитектураның мұралары Сырдарияда, Қаратау төңірегінде, Талас, Шу, Сарысу аңғарларында, Торғай даласында біркелкі тәуір сақталған. Тастан салынған ескерткіштер көбінесе Маңғыстауда, Сағыз, Жем алабында, Орталық Қазақстанда,

Жетісуда, Алтай, Тарбатағай тауларында ұшырасады. Баршынкенттің іргесін Алып Мамаш Бектің (Алпамыс) жұбайы Баршын сұлу зираты маңына қоныстанушылар көтерген. Жамал Қарши, Пано Карпини, Гетум, Керикос т.б. саяхатшылардың мұнда жолы түскен. Ол Оғыз хандығының Сыр бойындағы мәдени, экономикалық байтағының біріне жатады. Онда базар, мешіт, медресе, қонақ үй, керуен сарайлары, зәулім мұнаралар, биік дуал, мықты қақпалар болған. Қалада Қорқыт пен әл-Фарабидің дүниетану жолына түскен, Құсамеддин Баршынлығы қатарлы ақын, жазушылар тұрған.

Араб тарихшысы Мақдиси: «Сауран жеті қабат қоршалған қала, рабад, мешіті бар» (Машук, 1967:26), – деп еске алады. Кейбір деректерде оның «шайқалмалы минареті», сәулетті ғимараттары, жер астынан келетін кәріз суы хақында баяндалады. Тарихи көркемдік қасиеті жағынан қазірде қирап біткен Сауран мұнарасы көңіл қоярлықтай. Бұқара мұнаралары тәрізді салынған, биіктігі 16 метрге баратын іргелі мұра. Бөгім мұнарасы да, Сығнақ қаласының Сунақ-ата ғимараты да сондай мұралар. Сарайшықтағы қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханның, Түркістандағы Есім мен Жәңгірдің мазарлары да сәулеті жағынан ерекше көрнекті ескерткіштер.

Баласағұн Батыс Түрік, Қарлұқ, Қарахан, Қарақытай мемлекеттерінің астанасы болды. VIII ғасыр жылнамаларының көрсетуінше, Суябтан шығыста 20 шақырым, Шудың сол жағасына орналасқан. Мұнда 1069–1070 жылдары Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтадғу білігі» (Құт негізі білік) дастанын жазды. 13 мың жолдан тұратын түркі тіліндегі бұл дастанда саясат, мемлекет, басқару, әскери іс, кемеңгерлік, ақыл-парасат, әділеттік, ар-ождан, салт-дәстүр және т.б. жөнінде философиялық трактаттар берілген. Профессор У. Шалекенов басшылығындағы археологиялық экспедиция қазып жатқан Ақтөбе мекені ежелгі Баласағұн болуы мүмкін деген болжам бар. Өйткені, одан 6000 дана қола теңгелер, ақша соғатын орын, т. б. табылуы, қаланың шахристан мен рабатқа бөлінуі, оның ірі саяси, экономикалық, мәдени орталық болғанын дәлелдейді (Шалекенов, 1985).

Тараз туралы алғашқы рет Византия елшісі Земарх жолжазбаларында хабарланады. М. Қашқари Тараз тұрғындарының түркі және соғды тілінде сөйлейтінін көрсетеді. Ол Ұлы Жібек жолының және қимақ, қыпшаққа баратын керуен жолының түйіскен жеріне орналасқан. Араб географы Мақдиси: «Тараз – бау-бақшалары, үйлері тығыз салынған, бекіністі қала. Айналасында терең оры,

4 қақпасы бар, қала ортасынан өзен ағып өтеді, оның маңында Сус, Құл, Такабат, Шельжи қалашықтары бар» (Волин, 1960, 81), – деп жазады. 1221 жылы Жетісуда болған қытай саяхатшысы Чан Чунь «Тараз маңының халқы егіншілікпен қатар жібек өсіріп, шарап қайнатуды біледі» (Волин, 1960), – деп хабарлайды. Қарахандар тұсында мұнда Қарахан мазары, Айша бибі, Бабаджа хатун күмбездері қатарлы сәулет өнерінің тамаша үлгілері тұрғызылған. Ішкі қабырғалары түркі халықтарының аңыз-ертек кейіпкерлерінің суреттерімен әшекейленген Тараз моншасының даңқы шыққан. Монша еден астынан жүргізілген жылу жүйесі арқылы жылытылған. Шешінетін, жуынатын бөлімдері күмбезделіп, өріліп шығарылған. Су ұзындығы 0,7 м, диаметрі 0,25 м, құбырлармен келтірілген. Қалада XI–XII ғасырларда ақша-теңге соғылып тұрған.

Талғар Іле Алатауының қойнауына орналасқан. Терістігі мен түстігінде қақпалары болған, бекініс дуалдарының биіктігі 5–6 м. Қарауыл мұнаралары, мешіт, базары бар, іргесі VIII–IX ғасырларда қаланған. Қола, қыш ыдыстардың көп табылуына қарағанда, қала халқының дені қолөнершілер болса керек. Қала жұртынан табылған 2 мыс табақта тәж киген адам басында қанатты арыстан суреті бейнеленген. Бұл Қарахан билеушілерінің символы екені белгілі (Городуцкий, 1928:39). Қойлық (Қаялық) Лепсі өзені алабында орналасқан. Монғол жаулауына дейін Қарлұқтың Арслан ханының ордасы тұрды. Елші Вильгельм де Рубрук Қойлықтың қураған орнында 1253 жылы күзде болған. Қала жұртынан қыш ыдыс-аяқтар, құмыра, көзе, кесе, қола теңгелер табылды. Қала археологтардың есебі бойынша IX–XI ғасырларда барынша гүлденген (Байпаков, 1968).

Жоғарыда қарастырылған ортағасыр қалалары бір-бірімен керуен жолдары арқылы жалғасып жатты. Әсіресе, Сыр бойын жағалай Янгикенттен Еділге, Итиль қаласынан Волганы өрлей Бұлғар хандығына, оңтүстікке қарай бұрылып, Кавказдан Византияға, онан әрі Киев Русіне баратын жолдың Итильден жететін тармағы да болған. Ежелгі Киевтің, Новгородтың, Смоленскінің, Рязанның, Кавказдың, Хазар мен Бұлғар жұрттарының жиһанкез көпестері Еділ дариясынан өтіп, Қыпшақ хандығына, одан Сырға еңкейіп, Янгикент, Отырар, Тараз, Баласағұн шаһарларын аралады. Мұнда парсы, үнді, қытай көпестерінің исфһани асыл қылышын, шайын, жібегін, қымбат тастарын өз тауарларына айырбастады. Түріктерден былғары ертұрман, қару-жарақ, асыл тұқымды сәйгүлік аттар сатып алды. Киев пен Новгородтың ескі жұртын қазғанда Тараз, Шаш, Самарқанда

соғылған 144 монета табылды (Хасенов, 1988:97). Осыған қарағанда орыс жерлерімен сауда айырбас байланысының бағы заманнан-ақ орныққаны көрінеді. Қытай, Үнді, Хорасан саудагерлері Шығыс Түркістаннан Бедел, Ақсу асуларынан асып, Аспара, Мерке, Құлан, Барысхан қалаларын басып өтіп, Таразға келіп жүрді, бұл Жібек жолының бір тармағы есептеледі. Тараздан шығып Қимақтар еліне, онан әрі Енисейдегі қырғыз жеріне баратын да керуен жолы болды. Испиджабтан терістікке қарай шыққан жол Қаратауды бөктерлеп, Катикент, Баба-ата, Созақты басып, Кеңгір, Жезді, Нұра, Ырғыз, Ертіс аңғарларымен қимақ-қыпшаққа, онан әрі Алтай – Саяндағы Боғра, Яғма, қырғыз, телестерге жетті. Бұл жолдар Орта ғасырлардағы Қазақстан тайпаларын дүниенің шар тарабымен жалғастыратын сауда-айырбастың күре тамырлары еді.

Түркілер – қала мәдениетімен бірге адамзат өркениеті тарихында тас қашау, тас бедерлеу, тасты қырнап, бәдіздеу өнерімен де даңқы шыққан ел. Тас бейне жасау өнері әуелгіде жартастарға шекіп салудан басталған. Соның өзінде тастан адам бейнесін қашау сатысына бірден жетпеген. Мұның алғашқы қадамы онғұндардың кескін-келбетін ұқсатудан көрінеді. Бұл саладағы аса білгір ғалым Әлкей Марғұланның топшылауы бойынша: «Ең ескі тас мүсіндер ғұн дәуірінде – б.з.б. II–I ғ., б.з., I–V ғасырларда шыға бастаған. Олардың құрылысы өте биік, ... 8 метрге дейін жоғары көтеріліп тұрады. Оларда тек бас жағын ғана әдемілеп безендірген, өзге пішіні салынбаған... Ғұндардың тас мүсіні ата-ананың рухын қадірлеуден шыққан, аспанға, күнге табынудың бір елесі» (Марғұлан, 1984).

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің тағы бір сабағы мәдени қарым-қатынастардың көпжақтылығы болып табылады. Тек отырықшылар көшпелілерге емес, сонымен бірге көшпелілер де қалалық мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосып отырған.

Шығыс пен Батыстың сұхбаты монғолдық мемлекеттерде де өз жалғасын таба білді. Мысалы, Гильом Рубрук монғолдардың астанасы Қарақорымға келгенде, қаланың бір бөлігін алып жатқан мұсылман көпестерін және қолөнершілерін кездестірді, онда екі мешіт орналасқан екен, ал христиандық шіркеу қаланың басқа жағында орын алған. Қалада еркін түрде мұсылмандар мен несториандар, буддашылар мен дәстүрлі көшпелі сенім өкілдері пікір таластырып жатты.

Этникалық және діни көптүрлілік өнерде стильдердің алмасуына әкелді, көптеген өнер туындылары эклектикалық сипатта жасалды.

Г. Рубрук оны былай суреттейді: «Хан сарайына кіре берісте ұста Вильгельм күмістен үлкен ағаш үлгісін жасаған, ағаштың тамырлары арыстан бейнесінде орындалған, одан сүт ағып жатқандай болып көрінеді, күміс ағашты жылан орап алған, ал ағаштың ең жоғары жағына періште мүсіні қойылған...» (Даркевич, 1976:158–159). Шынында да бір өнер туындысында әлемнің бүкіл стильдері араласып кеткен.

Ұлы Жібек жолы тек бейнелеу, сәулет, мүсін өнершілерінің тоғысуына ғана емес, сонымен қатар жылжымалы халық театрының алғашқы түпнұсқаларының қалыптасуына игі ықпалын тигізді. Айталық, Ұлы Жібек жолының аяқталатын жері Византияда Шығыс пен Батыс үйлесімді кездесті. Константинопольдегі мейрамдарда неше түрлі орталық азиялық маскарапаздар мен бишілер, акробаттар, мен даршылар өз өнерлерімен халықты баурап алған. 1161 жылы императордың бұйрығымен алаңға жер шарының танымал барлық халықтарының өкілдері ұлттық киімдерімен шығып, өнер көрсеткен (Малдыбек, Тұрсынбаева, 2009: 73).

Тауарлар тиелген керуендермен бірге кезбе жыршылар мен өнершілер бүкіл Еуразияны тоқтаусыз аралап жүрген. Олар өз өнерлерін сасанидтік Ирандағы шахиншахтардың алдында да (Так-и-Бостандағы жартастағы кескіндер), соғдылық дихандардың тойларында да (Педжикенттегі суреттер), омейяд халифтерінің қабылдауында да (Сириядағы фрескалар), Тұран әмірлерінің мейрамдарында да (Синьцзяндағы бейнелер) көрсеткен (Малдыбек, Тұрсынбаева, 2009: 75).

Ұлы Жібек жолы фольклордағы стильдер мен мазмұндардың алмасуына да үлкен әсер етті. Бұл эпостық құбылыстар өнердің басқа түрлерінде де көрініс тапты. Еуразияның көп бөлігін жаулап алған түркілік эпостардың мотивтерімен жасалған мәдени артефактылар әр жерде табылып жатыр.

Жоғарыда аталып өткендей, Ұлы Жібек жолы бойында көркем мәдени өнімдердің алмасуында көшпелілік рәміздер өз қолтаңбасын жоғалтқан жоқ. Бұл, мысалы, түйе мен жылқыны бейнелеуге қатысты. Түйе бейнелі таңбалардың көбінесе Ұлы Жібек жолы дамып тұрған VI–VIII ғасырларда көп болғанын есепке алсақ, түйе бейнесі Қазақстан мен Орта Азия тұрғындарының дүниетанымында ерекше рөл атқарғанын есте ұстаған жөн. Осы жөнінде К. Байпақов пен А. Нұржанов мынадай ойларын алға тартады: «Түйе бейнесі мифологиялық, әулеттік және әсемдік тұрғысынан белгілі бір дәрежеде

тарихи, мағыналық және көркемдік даму жолынан өткен. Бұл арада біз үшін негізінен Жетісудың көршілес мәдени-тарихи аудандарымен этносаяси байланыстарын түсінуге, ең алдымен Жетісу мен Соғды арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасты айқындай түсуге жол ашатын әулеттік сипаттың мәні зор. Осынау жануардың Жетісудағы ең көне бейнесі қола дәуірінен қалған тастағы таңбаларда кездескен. Конус пішінді тұғыры бар, ортасында бастарын түйістіріп тұған түйелер бейнеленген дөңгелек табақша түріндегі сақтардың жұпар тостағаны Жетісудан бастау алады» (Richter, Baumann, Liebner, 1999:154) .

Ұлы Жібек жолы мәдениетіндегі көркем идеялармен ауысу туралы сөз қозғағанда, олардың дәлеліне Орталық Еуропадағы руна жазуының үлгілері, гректегі шамандыққа сүйенетін өнер формалары, Ақ Бешімдегі будда ғибадатханасын аршу негізінде табылған, бетінде бастарына тәж, үстеріне салтанат киімін киген еркек пен әйел бейнеленген өрнекті алтындатқан 7 қаптырма, Алматы маңындағы Қарғалыдан табылған біздің заманымыздың I–II ғасырларына жататын қабірдегі шөгіп жатқан түйелер бейнеленген, асыл таспен зерлендірілген екі алтын сақина туралы айтуға болады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени ауысулардың тамаша бір үлгісіне Алматының маңайындағы қазба жұмыстарында табылған құрбандық сәкісі жатады. Бұл мәдени артефактіде бүкіләлемдік көркем және діни сана тоғысып тұрғандай. Осында түркілердің «аң стилінен» әлемнің тіршілік етудің мейрамдылығы мен рухани тазарудың күндерін мойындауымыз қажет. Оларда табиғат алғашқы рет өзінің көркем шаттануына жетеді, оларда бірінші рет өміршеңдік ұстыны көркем феномен бола бастайды. Мифтік тұғыр бойынша бұл бейнелердің әркелкі және ретсіз дүниесі тек айыпталуға лайық; дәл осылай, бәлкім, Ұлы Жібек жолы бойындағы мейрамдардағы салтанаттар оған сондай қатынаста болған шығар.

Claus Richter, Bruno Baumann, Bernd Liebner өздерінің «Die Seidenstrasse. Mythos und Gegenwart» атты мақаласында да: «Бүгінгі күні Ұлы Жібек жолының маршруттары қапырықты шөлдермен, биік таулы шатқалдармен және де жүзжылдық естелігі сақталған архитектуралық ескерткіштері бар көне қалалармен өтеді» деп баға берген» (Малдыбек, 2008: 304). Терең тарихи із қалдырып, Жібек жолындағы елдердің мәдениеттерін байытқан Шығыс пен Батыс арасындағы бейбіт айырбас мәдениетаралық сұхбаттың маңыздылығын дәлелдеп, қазіргі заманғы қоғам үшін құнды сабаққа айналды.

Жібек жолын қайта жандандыру – бұл ұқыпты стратегиялық жоспарлауды талап ететін күрделі көп жақты жоба. Жібек жолы – ежелгі маршрут бойындағы жай ғана құрылыс жолы емес, инфрақұрылымның дамуы, тиімді ынтымақтастық үшін ең жоғарғы деңгейдегі қолайлы жағдайды құруды толық жетілдіру заңнамасы, сонымен қатар қатысушы елдер арасындағы өзара түсіністік жетістіктерінің бірі (Richter, Baumann, Liebner, 1999:58).

Қоғам дамуының бірден-бір шарты халықтар мен өркениеттер арасындағы белсенді ақпарат алмасу болып табылады. Халықтар арасындағы қарым-қатынастардың арқасында мәдени жетістіктер әлемге таралып отырған. Біртұтас мәдени қабаттар шұрайлы топыраққа сіңіп, жаңа тарихи өмір жағдайында дамудың жаңа кезеңі басталып отырған: ол мәдениеттер өзгеріп, жергілікті жағдайға бейімделіп, оның қасиеттерін бойына сіңіріп, жаңа мазмұнмен толықтырылып, оның жаңа пішіндерінің дамуы орын алған. Бұл процесте керуен жолдарының, атап айтқанда, ежелгі заманда және ерте орта ғасырларда Қытайды, Үндістанды, Орта Азияны, Орта және Таяу Шығысты, Жерорта теңізін байланыстырып тұрған Ұлы Жібек жолының рөлі ерекше болған. Бұл тұжырымдама аясында Ұлы Жібек жолы дәстүрін қайта жаңғыртудың Қазақстан ғана емес, Орталық Азия үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызы зор.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- Claus Richter, Bruno Baumann, Bernd Liebner. *Die Seidenstrasse. Mythos und Gegenwart*. – Hamburg: Hofmann und Campe, 1999. – 304 p.
- Алиева Ж.Н., Қалиева А.Б. *Ұлы жібек жолындағы көшпелі туризмнің дамуы* // Journal of Geography and Environmental Management. №4 (47) 2017
- Байпаков К.М. *О локализации городов северо-восточного Семиречья* // Вестник АН КазССР. – 1968. – № 7. – С. 4–7.
- Волин С.Л. *Сведения арабских источников о долине реки Талас* // Записки АН КазССР. – Алматы, 1960. – Т. 8. – С. 81–89.
- Городецкий В.Д. *Талгарское городище*. – Ташкент: Изв. Средазкоминс., 1928. – Вып. 3. – С. 12–15.
- Гумилев Л.Н. *Қиял патшалығын іздеу*. – Алматы: Балауса, 1992. – 448 б.
- Даркевич В.П. *Аргонавты средневековья*. – М.: Наука, 1976. – С. 200.
- Малдыбек А.Ж. *Ұлы Жібек жолы және өркениетаралық байланыстардың кейбір аспектілері* // III Сатпаев оқулары ғылыми-теориялық конференция материалдары.- Павлодар, 2008
- Малдыбек А., Тұрсынбаева А. *Шығыс және батыс өркениеттері арасындағы мәдени сұхбат ұстынының мүмкіндігі және шектері* // Изденіс. Гуманит. ғылымдар сер.. -Алматы, 2009, N №1.-С.72-76
- Маргулан А.Х. *Из истории городов и строительного искусства древнего*

*Қазақстана.* – Алматы: АН ҚазССР, 1950. – С. 122.

Марғұлан Ә. *Арқадағы тас мүсіндер* // Білім және еңбек. – Алматы, 1984. – № 9. – 12–16 бб.

Мащук Л.П. *Историческая структура социальных организмов средневековых кочевников* // Советская этнография. – 1967. – № 4. – С. 25–27.

Хасенов Ә. *Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы.* – Алматы: Қазақ университеті, 1988. – 1 т. – 188 б.

Шалекенов У. *Көне қала Ақтөбе* // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 15 қазан.

### Özet

Makalede, Büyük İpek Yolu mirasının kültürel turizmin gelişimindeki önemi incelenmektedir. Büyük İpek Yolu şüphesiz Asya ve Avrupa halklarının yaşamlarında önemli bir ekonomik ve politik öneme sahiptir. Doğu ve Batı arasında bir köprü vazifesi gören İpek Yolu sayesinde hem ticaret hem de kültürel alanda halkların etkileşimini ve işbirliği gerçekleştirmiştir. Ayrıca, uluslararası iletişim ve iletişimin en harika yolunun ticaret, kültür ve bilimin yolu olduğu gerçeğine de tanıklık edilmiştir. Bu nedenle, zamanımızda Büyük İpek Yolu geleneğini yeniden canlandırılmalıdır.

**Anahtar kelimeler:** Turizm, kültürlerarası diyalog, Doğu ve Batı, küreselleşme, değerler.

**(Maldibek A., Dayrabayeva G., Ulusal Turizmin Geliştirilmesi Bağlamında Büyük İpek Yolu'nun Kültürel Mirası)**

### Резюме

В статье рассматривается значение наследия Великого Шелкового пути в развитии культурного туризма. Великий Шелковый путь несомненно имел важное экономическое и политическое значение в жизни народов Азии и Европы. Он служил своеобразным мостом между Востоком и Западом, благодаря которому происходило взаимодействие и сотрудничество народов как в торговой, так и в культурной сфере. Он свидетельствует ещё и о том, что самым прекрасным способом контактов и общения народов является путь торговли, культуры и науки. И именно поэтому в наше время актуальным стал процесс восстановления традиций Великого Шелкового пути.

**Ключевые слова:** Туризм, межкультурный диалог, Восток и Запад, глобализация, ценности.

**(Малдыбек А., Дайрабаева Г. Культурное наследие Великого Шелкового пути в контексте развития национального туризма)**



## МАЗМУНЫ, ІÇИНДЕКІЛЕР, CONTENTS

<b>ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>		
Erdem UÇAR (İzmir)	Köl Tegin (G 6) ve Bilge Kagan (K 4-5) Yazıtlarındaki Bişükiqe Tegi Kıdmaz Ermiş Cümlesi Üzerine On the Sentence Bişükiqä Tägi Qıdmaz Ärmış in the Köl Tegin (S 6) and Bilgä Qayan (N 4-5) Inscriptions	7-44
Ердем УЧАР (Измир)	О предложение Бишүкиқә Тәгі Қıdmaz Ärmış в надписях Кюль Тегина (G6) и Бильге Кагана (K4-5) Күлтегін (G6) және Билге Қаған (K4-5) ескерткіштеріндегі Бишүкиqe Tegi Kıdmaz Ermiş сөйлемі туралы	
Нағима ҚОШАНОВА (Түркістан) Nagima KOSHANOVA (Turkistan)	Академик Р. Сыздық және тарихи лексикология мәселелері Academician R. Syzdyk and Problems of Lexicology Академик Р. Сыздық и проблемы лексикологии Akademik R. Sızdık ve Tarihi Leksikoloji Sorunları	45-54
Мадина АБДУЛХАНОВА (Түркістан)	Түркі халықтары тіліндегі әдет-ғұрыпқа байланысты этнографизмдер Ethnographicisms associated with the traditions in the language of the Turkic peoples	55-64
Madina ABDULKHANOVA (Turkistan)	Этнографизмы, связанные с традициями в языке тюркских народов Türk Halklarının Dilinde Geleneklerle İlgili Etnografik Özellikler	
Dilbar SHOMURADOVA (Tashkent)	The Usage of the Internet in ESL Learning Использование интернета при изучение иностранного языка, как второго языка	65-68
Дильбар ШОМУРАДОВА (Ташкент)	İkinci Dil Olarak Yabancı Dili Öğrenirken İnternetin Kullanımı Екінші тіл ретінде шет тілін үйрену кезінде интернетті пайдалану	
<b>ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР</b>		
Мирас ИДЕЛЬБАЕВ (Уфа) Малике ШАЙХЫСТАМОВА (Туркестан)	«Джумжума султан» Хусам Катиба – уникальный памятник средневековой общетюркской словесности "Dzhumzhuma Sultan" by Husama Katib – the Unique Monument of All Medieval Turkic Literature	69-74
Miras IDELBAYEV (Ufa) Malike Shaihystamova (Turkestan)	Хусам Катибтің «Қисса-и сұлтан Жұмжұма» дастаны – жалпы түрк әдебиетінің бірегей ескерткіші Hüsam Katib'in Cumcuma Sultan Destanı Ortaçağ Döneminin Ortak Türk Edebiyatının Eşsiz Anıtı	

Сапарбек ЕРГӨБЕК (Түркістан)	Алтын Орда әдеби жәдігері – Рабғузи қиссаларының жариялану үлгілері Examples of the Publication of the Literary Monument of the Golden Horde - Kissa Rabguzi	75-90
Saparbek ERGOBEK (Turkistan)	Образцы публикации литературного памятника Золотой Орды – кисса Рабғузи Altın Ordu Edebi Eseri Rabguzi Kıssaları'nın Yayın Örnekleri	

### ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Оразбек НУСҚАБАЕВ (Түркістан)	Маңдардың «Моңғолға» айналу тарихы (Тарихи-этносоциологиялық сараптама) The history of the formation of Mang to the Mongols (Ethnosociology expert)	91-101
Orazbek NUSKABAYEV (Turkistan)	История превращения манов в 'монголов' (Историко-этно-социологическая экспертиза) Manlar'ın 'Moğollar'a Dönüşüm Tarihi (Tarihsel ve Etno-Sosyolojik Inceleme)	
Gumru ŞEHİRİYAR (Bakı)	I. Dünya Savaşı Döneminde Ermeni Mezalimi ve Cilovluk Olayları Armenian Savageries and Events of Jilovlug during I World War	102-110
Гумру ШЕХРИАР (Баку)	Жестокость армян и события в Жилувлуке в период первой мировой войны Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі армяндардың қатыгездігі және Жилувлук оқиғалары	
Нөсербек ЗАҢӘДІЛҮЛЫ (Түркістан)	Жібек жолы тарихындағы түріктердің рөлі Role of Turks in history of Silk Road	111-119
Noserbek ZANADILULY (Turkistan)	Роль тюрков в истории Шелкового пути İpek Yolu Tarihindeki Türklerin Rolü	

### АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

Жура МАХМУДОВ (Ташкент)	Первые ласточки Мельпомены в Узбекистане The First Sweets of Melpomena in Uzbekistan	120-124
Jura MAHMUDOV (Tashkent)	Өзбекстандағы Мельпоменаның алғашқы қарлығаштары	

### ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Ақмарал МАЛДЫБЕК Гүланда ДАЙРАБАЕВА (Түркістан)	Ұлы Жібек жолының мәдени мұрасы ұлттық туризмді дамыту контекстінде The Cultural Heritage of the Great Silk Road in the Context of the Development of National Tourism	125-136
Akmaral MALDYBEK Gulanda DAIRABAYEVA (Turkistan)	Ulusal Turizmin Geliştirilmesi Bağlamında Büyük İpek Yolu'nun Kültürel Mirası Культурное наследие великого Шелкового пути в контексте развития национального туризма	

**БАЙЛАНЫС**

Түркология ғылыми-зерттеу институты

Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: **turkology.institute@ayu.edu.kz**

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекенжайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы Түркістан қаласы

Бекзат Саттарханов даңғылы № 29

Телефон. 8 (72533) 3-16-78

Журналдың электрондық нұсқасын **turkology.ayu.edu.kz** сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.

Басуға 27.12.2018 ж. қол қойылды.

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік.

Шартты баспа табағы 8,5

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 630.